

БИЛІК пен БҰҚАРА

Қ. ӘБСАТТАРОВ:



«БАРЛЫҒЫН ДА
ХАЛЫҚПЕН
АҚЫЛДАСАМЫН»

2-бет

АЙМАҒЫМЫЗДЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ



АДАМДЫҚ
АСҚАРЫНДАҒЫ
АЗАМАТ

4-бет

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

ОТБАСЫ
ИНСТИТУТЫН
НЫҒАЙТУ

6-7-беттер

САЙЛАУШЫЛАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫНА СЕЛҚОС ҚАРАҒАНЫН ӨЗІ МОЙЫНДАДЫ

Өткен аптада Қазақстан Республикасы Сенатының депутаты, сенатор Рысқали Әбдікерем Жезқазған-Ұлытау аймағына келіп халықпен жүздесті. Бұрын да осындай кездесулер өтіп жататын. Депутаттар және де басқа биік лауазым иелері келіп, кетіп жататын. Көбіне-көп формальдық сипатта болатын мұндай жиындарға қызмет бабына байланысты міндетті тұлғалар болмаса, жалпы жұрт жапырлай қоймайды. Халықты биліктен барынша шеттетуді мақсат етіп қойған супер президенттік биліктің жеткен жері міне, осы.



Дегенмен «Жаңа Қазақстан» құру ұраны тасталып, қайта құру басталып кеткен соң ештеңе қозғалыс, қызығушылық оянып, қоғам белсенділігі қимылын ширата түсті. Осы тұстың «өттеген-айы» бұрынғы сылдыратып өте шығар «сара» жолдың сарбаздары қоғамның талабына сай әрекет жасап, сенім оятарлық сөз айта алмай жатқандығы. Жалпы жұртты құлақтандырмай әкімдік арқылы жиналып алған топпен ғана жиналыс өткізіп, парыз, қарыздарынан құтылу тәсілінен бас тартуға тәуекелі жетпейтін саясаткерлер бұрынғы іздерімен келіп, сол іздерімен кері қайтуда. Жаңа Қазақстан құру бастамасына бас қатырмайтындары байқалып-ақ тұратынына да алаңдай қоймайтындарын қайтерсін...

Сенатор Әбдікерем те тура сөйтті. Сәлемнен соң референдум туралы барлық ақпарат көздерінен айтылып жатқан ресми дерек, дәйектерді тізбелей келе халықты референдумға қатысуға шақырды. Мұның бәрін бұл

бөлінген уақытта мен сол Қарағанды жағында қаламын» деп сыр ашқандай болды. Кездесуге қатысушының «Қарағанды мен Ұлытау облысының шекарасын белгілеу барысында әділдіктің туы тұзу желбірей алмады. 9 қала мен 9 ауданнан 3 қала, 2 ауданды ғана бергендеріне қалай қарайсыз? Осы аймақтан сайланған сенатор есебінде Сіз сайлаушыларыңызды қорғау үшін қандай әрекет жасадыңыз?» деген сауалына жалтара алмаған соң жауап қайтарды. Сонда айтқаны «Басында сол бұрынғы Жезқазған облысының аумағы шегін-



кісілер өздері де оқып, естіп отырған шығар-ау деген ой тәжірибелі шенеунікті аса мазалай қоймағанын анық аңғарды. Жезқазған қаласында да, Ұлытау селосында да осы көрініс. Жалпы аймақтың халқын алаңдатып отырған мәселелерді негізінен білетін адам ретінде оларды да сөз арасында атап, түбінде шешілуіне атсалысатын сияқты емеурінін билдіре кетуді де ұмытпады. Онысына да рақмет. Бір қызығы Ұлытаудағы кездесуде «Облыс келген соң гүлденесіздер, бірақ екі облыс

де бөлінетін шығар деп жүре беріпін. Кейін Жарлық шыққанда қарасам, олай емес екен. Бірақ бірдене деуге кеш болып қалды...». Депутаттардың сайлаушылардың тағдырына мүлдем алаңдайтынның классикалық көрінісі! Сенатордың жауабын естіген көпшілік «Құдыреті күшті Құдая. Сенен басқа сенеріміз жоқ» дегендей еріндерін жыбырлатысты.

Жаңа Қазақстан тезірек құрылса екен!

Әнуар ОМАР. (МТ)

ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР
Парламенті
Мәжілісі
«Ақ жол»
партиясының
депутаты
Мақсат
Раманқұловпен
болған кездесу
ресмиліктен ада
жылы
атмосферада
өтті.



Еліміздің саяси өмірінде болып жатқан елеулі оқиғаларды қарапайым тілмен баяндай келе Мақсат Базаралыұлы 5 маусым күні өткелі отырған республикалық референдумда Ата заңымызға енгізілетін түзетулер туралы да жан-жақты ақпарат берді. Осыдан соң кейбір депутаттардай кездесуді аяқтауға асықпай жиналғандармен емен-жарқын жүздесіп, қойылар сұрақтардың санын да шектемеді. Осыны пайдаланған жезқазғандық белсен-

ділер де көкейлерінде жүрген мәселелерін іркілмей ортаға салды. Жезқазған қалалық Чернобыль апатын жоюшылар одағының төрағасы Мұхит Үнгітбаев, Ауған соғысы ардагерлері кеңесінің төрағасы Ақылбек Аманов, жергілікті блогер Бекзат Дайрабайұлы, Ауған соғысының ардагері Бекен Бұқарбаев сұрақтарына нақты жауаптар алды. Көтерілген мәселелер қатарында ерлер мен әйелдердің зейнет жасын төмен-

дету, Ауған соғысы және басқа да техногендік апат зардаптарын жоюшылар үшін белгіленген жеңілдіктерді қайта қарау және олардың күші барлық республика аумағына таралуын шешу, сайлаулардың әділ өтуін заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету жайттары болды.

Ә. КЕНЖЕ.

Суретте: «УлытауNaN»
заводының ұжымымен кездесу.

(МТ)

5 МАУСЫМ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ өзгерістердің АЙҚЫН 10 көрінісі

	Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция
6-бап 3-т.	3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады.	3. Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар ХАЛЫҚҚА ТИЕСІЛІ. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады.
15-бап 2-т.	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиоға хақысы жоқ. Өлім-жазасы заңмен белгіленеді.	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиоға хақысы жоқ. ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
43-бап	Қолданыстағы редакцияда мұндай талаптар жоқ	3. Қазақстан Республикасының ПРЕЗИДЕНТІ өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде САЯСИ ПАРТИЯДА БОЛМАУҒА ТИІС. 4. Қазақстан Республикасы ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫНЫҢ саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылары ЛАУАЗЫМДАРЫН АТҚАРУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ.
46-бап 4-т.	4. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.	4. АЛЫНЫП ТАСТАЛСЫН
50-бап 3-т.	3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын 107 депутаттан тұрады.	3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша бара-бар өкілдік жүйесі бойынша, сондай-ақ БІР МАНДАТТЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША САЙЛАНАТЫН 98 ДЕПУТАТТАН ТҰРАДЫ.

	Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция
VI-бөлім	Конституциялық кеңес	Конституциялық СОТ
72-бап	Қолданыстағы редакцияда мұндай талаптар жоқ	3. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ бойынша Конституцияда бекітілген, олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды.
83-1-бап ЖАҢА	Қолданыстағы редакцияда мұндай талаптар жоқ	1. Қазақстан Республикасындағы АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.
87-бап 4,5-т.	4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды.	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Республика Президенті ДАУЫС БЕРУ ӨТКІЗІЛЕТІН КЕМІНДЕ ЕКІ КАНДИДАТУРА ҰСЫНАДЫ. Дауыс беруге қатысқан мәслихаттар депутаттарының көп дауысын алған кандидат келісім алған болып есептеледі.
91-бап 2-т.	2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасының мәртебесі өзгермейді.	2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгеріссіз болып табылады. Осылайша, Елбасы және Тұңғыш Президент мәртебесі жаңа редакцияда толық алынып тасталады.

5 МАУСЫМ – РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

ЖҰДЫРЫҚТАЙ ЖҰМЫЛУЫМЫЗ

КЕРЕК

*Баршаңызға мәлім,
Мемлекет басшысы биылғы
Жолдауында еліміздің
қоғамдық-саяси өмірінде
жүзеге асырылатын
кешенді реформалар бойынша
Ата Заңға түзетулер
енгізу үшін жалпыхалықтық
референдум өткізу туралы шешім
қабылдады.
Бұл – тарихи шешім.
Ел үшін үлкен жаңалық болды.*

Президент ұсынып отырған өзгерістер – мемлекеттімізді одан әрі дамыту жолындағы ірі қадам. «Екінші республика» құру осыдан басталады. Оның мақсаты – саяси бәсеке-лестікті арттыру және мемлекет басқаруға қоғамды кеңінен тарту.

Мемлекет басшысының жаңа Қазақстанды жаңғыртуды Конституциядан бастауы – әділеттіліктің нышаны деп білеміз. Расымен де, референдум қатардағы саяси іс-шаралардың бірі емес, ол – маңызды демократиялық институт. Конституциялық реформа елдегі демократиялық процестерді жетілдіреді. Яғни, қоғам өз өкілдері арқылы маңызды шешімдерге араласады. Сондықтан да ауқымды реформаларды заңмен бекіту үшін бізге референдум қажет. Себебі, бұл тек Президент не Парламент шешетін мәселе емес, бұл – жалпыхалықтық деңгейдегі міндет. Алдағы референдумнан да үлкен үміт күтіледі. Менің ойымша, енді халық күткен кешенді реформалар басталады. Ол жай ғана құрғақ сөз, жалаң пікір емес, нақты іске құрылған жоспарлы шаралар болуы тиіс.

Конституциялық реформа – мемлекетіміз дамуының жаңа жолын таңдағанының көрінісі, бұл өзгерістер еліміздің жарқын болашағы. Конституцияны жалпыхалықтық дауыс беру арқылы өзгерту – халықтың еркін билдіруінің айқын белгісі.

Бұл – шын мәнінде алдағы ел дамуының басым бағыттарын айқындайтын реформа болмақ. Өзгерістер мен толықтырулар Ата Заңымыздың үштен бір бөлігін қамтитын болады.

- Суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға түбегейлі көшу;
- Бірқатар билік өкілеттігін қайта бөлу;
- Парламенттің ролін күшейтіп, мәртебесін арттыру;
- Елді басқару ісіне халықтың қатысуы мүмкіндігін кеңейту;
- Азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіру.

Бүгінгі таңда Жаңаарқа аудандық аумақтық референдум комиссиясының 29 учаскесі науқанға тас-түйін әзір. Республикалық референдумға 19464 адам қатысады.

Қорыта айтқанда, алдағы реформалардың ауқымы кең екенін ескерсек, оның референдумнан басталғаны дұрыс деп есептеймін. Өйткені әрбір қазақстандық еліміздің келешек тағдырын шешуге тікелей атсалыса алады. Демократия дегеніміз – осы.

Республикалық референдум нақты істерге мөр басып, екшелійді. Тәуелсіз Қазақстанды даму даңғылына бастау үшін ауызбірлікпен, ынтымақпен жарасып, тату тірлігімізді жалғастырып, Мемлекет басшысы міндеттеген тапсырмаларға адал қызметімізбен жауап беруге міндеттіміз.

Барша қазақстандықтарды еліміз, болашағымыз үшін тарихи бетбұрысқа бастайтын маңызды шараға, халық үніне құлақ асуға негізделген жалпыхалықтық референдумға белсене қатысуға шақырамын.

Мемлекет басшысы ұсынған реформалар – Қазақстанның стратегиялық болашағын айқындайды. Президент пен халықтың мақсаты ортақ, көздегені бір. Сол себепті референдумға қатысу – бәріміздің борышымыз.

Біз, қазақстандықтар, маңызды тарихи кезеңнің қарсаңында тұрмыз. Біздің шешіміміз ел ертеңіне, келешек ұрпақтың тағдырына тікелей ықпал етеді.

Референдумға қатысу – азаматтық жауапкершілік! Ел тағдырын айқындайтын осынау маңызды кезеңде ешкім шет қалмауға және тарихи таңдау жасауға тиіс.

Егемен еліміздің ертеңі – халықтың қолында!

Баян АЛАШБАЕВА,
аудандық аумақтық референдум
комиссиясының төрағасы.

Жаңаарқа ауданы.

Қ. ӘБСАТТАРОВ:

«БАРЛЫҒЫН ДА ХАЛЫҚПЕН АҚЫЛДАСАМЫН»

Жаңа Қазақстанның басты ұстанымының бірегейі халықтық билікті қалыптастыру. Ел басшысы бұл бастамада өзі тікелей үлгі көрсетіп келеді. Десек те барлық әкімдер мен басқа да жоғары лауазым иелері осы талапты орындауға құлшына кірісті деп айту қиындау. Керісінше биліктің иесі халық екеніне тук дауы жоқ басшылар қарасы сирек. Сондай астың біреуі – Жезқазған қаласының әкімі Қ. ӘБСАТТАРОВ.

Сөзсіз Қайрат Бектайұлының бойында қараша халыққа ұнамайтын әлдебір кемшіліктері бар да шығар. Олай болмауы мүмкін де емес. Бірақ оның билігімен оңай бөлісетіні және ақиқат. Қаланы басқарған басқа әкімдерден оны даралап тұратын да осы қасиеті. Ол кез-келген сұрақты қоғам белсенділері, саяси және басқа да ұйым өкілдерімен бірлесе талқылап, ортақ шешім қабылдауға талпынуынан танбай келеді.

18 мамыр күні бұған көзіміз тағы бір жетті. Жарты айдың жүзінде облыс орталығы статусын

иеленгелі тұрған Жезқазған қаласының қандай кейіпте болатыны баршамызға маңызды. Осы мәселеде заманауи урбаншыл мамандардың көмегіне жүгінудің жөн екенін түсінген қала басшысы осы салада бес жылдың көлемінде қызмет көрсетіп келе жатқан «Engineering Center LTD» ЖШС арнайы шақыртқан екен. Қала әкімдігіндегі мәслихат депутаттары, БАҚ өкілдері, қоғам белсенділері, блогерлер, әкімдік қызметкерлерінің қатысуымен өткен жиында аталмыш мекеменің жобаларды дамыту бойынша директоры Алмаз



Еркимбаев Жезқазған қаласын заман талабына сай дамыту бойынша ұжымдық ұсыныс-жобаны талқыға ұсынды. Дейін және кейін тәсілімен берілген суреттердегі ескі Жезқазған мен жаңа Жезқазғанның айырмашылығы жер мен көктей. «Осындай болса арман не?!» демесіне қоймайтын сурет, жобалар қуанта қызықтырды. Солай болса да жиналғандар жобаны қызу талқылап, кемшіліктерін де тауып, ұсыныстарын да беріп жатты. Ақылдасып пішкен тон келте болмас деген осы екен ғой. Ылайым өзіміз үшін жер жәннаты екені күмәнсіз Ұлытау облысы, оның орталығы Жезқазған қаласы дамуының даңғылына қадам баса бергей. Осы мүддеге жұмылу басты мақсат екені даусыз.

Әнуар ОМАР.

MT

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ЖЕЗҚАЗҒАНДА ЖАҢА КӨЛІК ПРОКУРОРЫ

Жезқазған қаласының әкімдігінде жаңадан тағайындалған Жезқазған көлік прокурорымен таныстыру рәсімі өтті. Оған селолық оқу орталықтарының әкімдері, Жезқазған қалалық ішкі істер басқармасы мен қалалық прокуратура қызметкерлері және бөлім басшылары қатысты.

Қазақстан Республикасы Бас көлік прокурорының орынбасары Манарбек Ернарзов жиналғандарға Жезқазған қаласына жаңадан тағайындалған көлік прокуроры Мәлік Жәдігерұлы Дәулетовты таныстырып, жұмысына сәттілік тіледі.

Мәлік Жәдігерұлы еңбек жолын 2003 жылы Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы прокурорының көмекшісінен бастаған. Жалпы прокуратура органдарында еңбек өтілі 20 жылдан астам. Бұған дейін Қазақстан респу-



бликасы Бас көлік прокуратурасының басқарма бастығы қызметін атқарып келіп, 2022 жылдың 16 мамырындағы ҚР Бас Прокурордың бұйрығымен Мәлік Жәдігерұлы Жезқазған көлік прокуроры лауазымына тағайындалды.

Сондай-ақ, қала әкімі Қайрат Әбсаттаров бұдан бұрын көлік прокуроры қызметін атқарған Қасым Әбілқасымовтың алдағы жұмысына сәттілік тілеп, қаланың Құрмет грамотасымен марапаттады.

Ж. ҚҰЛМАНБЕТ.

MT

АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ



Осыған орай, Жезқазған қалалық әкімдігінде қала әкімі Қайрат Әбсаттаров «Қазақмыс» корпорациясына қарасты мекеме, кәсіпорын мен қаладағы орта және шағын бизнес өкілдерімен, басқа да мемлекеттік мекемелердің басшыларымен кездесу өткізді.

Кездесудің басты мақсаты әр кәсіпорынның не мекеменің басшысы өз қарамағындағы қызметкерлерге референдумға байланысты ақпа-

раттық-насихат жұмыстарын жүргізіп, Ата заңымыздың кемел келешектің кепілі екенін ескеріп, олардың бір кісідей қатысуына ықпал жасау. Реформаға сәйкес Конституцияның үштен бір бөлігі толығымен жаңарады. Нақтырақ айтқанда, Ата заңның 33 бабына 50-ден астам ауқымды толықтыру енгізіледі.

Референдумға келіп дауыс берудің қаншалықты маңызды екенін айтып, ондағы өзгері-

Биылғы жылы еліміздің тарихы жаңа бір парағын ашты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген кешенді іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында конституциялық өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы әзірленіп, 5 маусымда республикалық референдум өтпек.

стердің бірқатарына тоқталған қала басшысы Қайрат Әбсаттаров әр мекемеге жауапты тұлғаларға үшінші маусымға дейін өз ұжымдарында аз дегенде бес рет кездесу ұйымдастырып, ақпараттық-насихаттауды қолға алу керектігін тапсырды. Қатысушылар тарапынан түсіндірме жұмыстарын мемлекеттік қызметкерлер жүргізсе, «Қазақмыстың» сексеннен астам пайызы жазылған «Мысты өңір», «Подробнее» газеттерінің бетінде референдум мен Ата заңға енгізілгені отырған өзгерістер туралы толық жазылса деген ұсыныстар айтылды.

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ.

MT

КОНСТИТУЦИЯҒА ЕНГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУЛЕР БОЙЫНША БАҒЫТ-БАҒДАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасы бойынша биылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Конституциялық реформа – Президенттің наурыз айындағы Қазақстан халқына Жолдауында айтылған саяси реформалар бағдарламасын жүзеге асыру үшін қолға алынған маңызды іс-шара. Конституциялық түзетулер жобасы азаматтардың сұранысына негізделген және бүкіл қоғамның мүддесі үшін жүзеге асырылмақ. Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасын белгілі заңгер-құқықтанушылар және конституциялық құқық саласының мамандары әзірледі. Оған Конституциялық Кеңес оң бағасын берді.

Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың бәрі өзара байланысты және бір мақсатты көздейді. Атап айтқанда, мынадай үдерістерге құқықтық негіз қалыптастыруға арналған:

- Суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға түбегейлі қою;
- Бірқатар билік өкілеттігін қайта бөлу;
- Парламенттің ролін күшейтіп, мәртебесін арттыру;
- Елді басқару ісіне халықтың қатысу мүмкіндігін кеңейту;
- Азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіру.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы республикалық баспасөзде 6 мамыр күні ресми түрде жарияланды.

Конституцияның қазіргі және жаңа нұсқаларының айырмашылығын түсіну, ұсынылып отырған көптеген түзетудің байыбына бару мұндай істен хабары аз адам үшін қиындық туғызатыны анық.

Сондықтан жұртқа ұғынықты болу үшін бұл түзетулер Ата Заңның нақты баптары мен тармақтары көрсетілген бірнеше бөлікке бөлінген.

Суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға түбегейлі қою

Конституциялық реформа билік тармақтары арасындағы қарым-қатынастың тепе-теңдігін және онтайлы болуын қалыптастырады. Сондай-ақ президенттік институттың барынша дербес болуын қамтамасыз етеді.

Ата Заңымыздың 43-бабына 3-тармақ қосылды. Онда Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс деп көрсетіледі. Осы логикаға сәйкес Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың және өзге де соттардың төрағалары мен судьяларына, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелеріне де осындай тыйым салынады (Конституцияның 23-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы). Соның нәтижесінде саяси бәсеке артып, барлық саяси партияны дамытуға бірдей жағдай қалыптасады, дербес әрі әділ шешім қабылдауға жол ашылады.

Мемлекет басшысы барлық азаматқа тең мүмкіндік берілуінің мызғымас кепілі болуға тиіс. Сол себепті Конституцияның 43-бабына 4-тармақ қосылды. Онда «Президенттің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға қақысы жоқ» деп көрсетіледі.

Жұмыс тобы мүшелерінің ұсынысы бойынша Тұңғыш Президенттің Президент лауазымына қатарынан екі реттен көп сайлануына мүмкіндік беретін баптың (Конституцияның 42-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы), сондай-ақ Тұңғыш Президенттің мәртебесі мен өкілеттіктері Конституциямен және конституциялық заңмен айқындалатыны туралы 46-баптың 4-тармағы Ата Заңнан алынып тасталмақ.

Конституцияның 91-бабынан Тұңғыш Президенттің тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы деген мәртебесі туралы норма алынып тасталады (Конституцияның 91-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Конституциялық реформаның нәтижесінде тиісті аумақтағы ахуалға жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдардың жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару өкілеттіктері кеңейді.

Жобада Президенттің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жоюына не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұратыны туралы құзыретін жою көзделген (Конституцияның 44-бабы 3) тармақшасының жаңа редакциясы).

Сондай-ақ Президенттің аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін лауазымынан босату туралы құзыретін алып тастау көзделген (Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы).

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдерінің құзыретке не болу тәртібі де едәуір өзгереді.

Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясына сәйкес енді оларды Президент облыс аумағында орналасқан мәслихат депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихат депутаттарының келісімімен тағайындайды.

Бұл ретте Мемлекет басшысы кемінде екі кандидатура ұсынып, дауысқа салады. Дауыс беруге қатысқан депутаттардың көпшілігінің дауысына не болған кандидат келісім алған болып саналады.

Осылайша, жергілікті билікке қатысты Президенттің өкілеттігі азайып, ол мәслихаттардың ролін айтарлықтай арттыру арқылы өңірлік деңгейдегі әкімдердің қолына жинақталады.

Бірқатар билік өкілеттігін қайта бөлу

Сенаттағы Президенттің квотасының саны 15-тен 10

депутатқа дейін азаяды. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынады (Конституцияның 50-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Сенаттың өкілеттігі бірқатар құқықтармен толығырақ. Атап айтқанда, Сенат Президент енгізетін Конституциялық Соттың және Жоғарғы Сот Кеңесінің төрағалары лауазымына кандидаттарды келісу құқығына ие болады (Конституцияның 44-бабы 4) тармақшасының, 55-бабы 2) тармақшасының және 82-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы).

Жалпы, Конституциялық Сот (қазіргі Конституциялық Кеңестің орнына) құру арқылы конституциялық бақылау жасау институты жаңғыртылады.

Конституциялық Сот 11 судьядан тұрады (қазіргі Конституциялық Кеңестің 7 мүшесі бар).

Конституциялық Соттың құрамы мынадай тәсілмен жасакталады: 6 судьяны Парламент (Мәжіліс пен Сенаттың әрқайсысы 3 судьядан), 4 судьяны Президент тағайындайды. Конституциялық Соттың төрағасын жоғарыда айтылғандай Сенаттың келісімімен Президент тағайындайды (Конституцияның 57-бабы 1) тармақшасының, 58-бабы 3-тармағы 7-тармақшасының және 71-бабының жаңа редакциясы).

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып өзгереді. Оның төрағасы жылына екі рет Мәжіліс депутаттарының алдында есеп береді (Конституцияның 53-бабы 2) тармақшасының жаңа редакциясы, 56-бабы 1-тармағындағы 3-1) жаңа тармақшасы).

«Мемлекеттік хатшы» институты «Мемлекеттік кеңесші» институты болып өзгереді (Конституцияның 44-бабы 19-тармақшасының жаңа редакциясы). Ол Мемлекет басшысына ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеумен айналысады.

Парламенттің ролін күшейтіп, мәртебесін арттыру

Конституциялық реформаның нәтижесінде биліктің заң шығарушы тармағы айтарлықтай өзгереді. Соның арқасында Парламенттің және оның палаталарының ролі едәуір күшейіп, мәртебесі артады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Президент Конституциялық Соттың және Жоғарғы Сот Кеңесінің төрағаларын тағайындау үшін Сенаттың келісімін алады. Сондай-ақ Президент Сенатқа 15 емес, 10 депутат тағайындайтынын айттық. Оның 5-еуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындалады (Конституцияның 50-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Осы орайда Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасы Сенатқа беріледі. Оның саны 9-дан 5 депутатқа қысқарады. Соған сәйкес Мәжіліс депутаттарының жалпы саны 107-ден 98-ге азаяды (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының жаңа редакциясы).

Мәжіліс депутаттары аралас сайлау жүйесімен, яғни пропорционалды және мажоритарлы жүйе бойынша сайланады (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының жаңа редакциясы). Аралас сайлау жүйесі барлық азаматтың құқықтарын толық сақтауға, сайлаушылардың мүддесін қорғауға мүмкіндік береді.


Сайлаушылардың бір мандатты сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарынан мандатты кері қайтарып алу құқығы енгізіледі (Конституцияның 52-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы). Соның нәтижесінде демократия дәстүрлері нығая түседі, депутаттар мен сайлаушылардың арасында өзара жауапкершілік пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениет қалыптасады.

Мәжілістің құзыреті кеңейіп, республикалық бюджеттің атқарылу сапасына парламенттік бақылау күшейеді. Ол үшін, бұған дейін айтқанымыздай, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып қайта құрылады. Оның төрағасы жылына екі рет Мәжіліс депутаттарының алдында есеп береді (Конституцияның 53-бабы 2-тармақшасының жаңа редакциясы, 56-бабы 1-тармағының 3-1) жаңа тармақшасы). Бұл Мәжілістің және жалпы Парламенттің мәртебесін одан әрі күшейте түседі.

Саяси жүйеде тепе-теңдік және тежемелік тетіктерді нығайту және заң шығару жұмысын онтайландыру мақсатында Мәжіліске заңдарды қабылдау (бұрын заң жобаларын қараған және мақұлдаған), ал Сенатқа заңдарды мақұлдау не мақұлдамау (бұрын заңдарды қабылдаған) құзыреті беріледі (Конституцияның 61-бабы 4 және 5-тармақтарының және 62-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы).

Парламент конституциялық заңдарды Палаталардың бірлескен отырысында, кемінде екі оқылымда қабылдайтын болады (Конституцияның 53-бабының жаңа редакциясы).

Айрықша қажеттілік туындаса, заңдарды жедел қабылдау тәртібі енгізіледі. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне



кәтер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Үкіметтің заң шығару бастамасы арқылы енгізілетін заң жобалары Парламент Палаталарының бірлескен отырысында шұғыл қаралады. Бұл заң жобаларын қарау кезінде Үкімет заң күші бар уақытша құқықтық-нормативтік актілер қабылдай алады (Конституцияның 61-бабы 2 және 3-тармақтарын толықтыру).

Бұл тәсіл елге төнген қауіп-қатердің бетін қайтару үшін билік тармақтарының бірлескен әрі шұғыл жұмысын үйлестіруге қажет. Оны қалыпта, күнделікті жұмыс барысында қолдануға болмайды. Бұл үдеріс Парламент депутаттары мен Үкімет мүшелерінің өзара жауапкершілікке негізделген қарым-қатынасы арқылы іске асады.

Елді басқару ісіне халықтың қатысу мүмкіндігін кеңейту

Негізгі Заңда жер және жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі екені жайындағы норма нақты және кесімді түрде бекітілген. Меншік құқығын халықтың атынан мемлекет жүзеге асырады (Конституцияның 6-бабы 3-тармағының жаңа редакциясы).

Жоғарыда айтылғандай, Мәжіліс депутаттарын аралас сайлау жүйесімен: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағында пропорционалды жүйе бойынша, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайлау ұсынылады (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының және 51-бабы 1-тармағының жаңа редакциясы). Сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарының мандатын кері қайтарып алу мүмкіндігі пайда болады (Конституцияның 52-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы).

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін Президент өңірдің (қаланың) мәслихаттарының барлық депутаттың келісімімен және баламалы негізде (кемінде екі кандидатура ұсынылады) тағайындайтын болады (Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы). Осылайша, белгілі бір өңірдің дамуына жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асыратын мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару ісіне берілетін кепілдік нығая түседі.

Азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіру

Жоғарыда баяндағанымыздай, Конституциялық Кеңес Конституциялық Сот болып қайта құрылады. Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайтын болады (Конституцияның 71-74-баптарының жаңа редакциясы).

Олім жазасын жою туралы шешім конституциялық деңгейде түпкілікті бекітіледі (Конституцияның 15-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Прокуратураның құзыреті, оның жасақталуы мен қызмет тәртібі Конституциялық заңмен белгіленеді (Конституцияның 83-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы). Бұл құқық қорғау қызметінің жүйелі жұмыс істеуін және заңда белгіленген тәртіпке сәйкес мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын қадағалауды күшейтуге тиіс.

Конституцияның жаңа 83-1-бабының нормалары Адам құқықтары жөніндегі уәкілге иммунитет береді. Ол азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау кезінде қандай да бір өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға тәуелді болмайды, ешкімге есеп бермейді. Ол өз жұмысында Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі мен қызметін ұйымдастыру Конституциялық заң арқылы айқындалады.

Осылайша, конституциялық реформа азаматтардың елді басқару ісіне қатысу мүмкіндігін арттырады және саяси үдерістерді шын мәнінде демократияландырады деп толық сеніммен айта аламыз.

**Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы.**

*«Егемен Қазақстан» газеті
сайтынан*

АҚПАРАТ АРНАСЫ

Әрбір әкім өңірдегі жолдардың жай-күйіне тікелей жауапты – Смайылов

*ҚР Премьер-министрі
Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кезекті отырысында автожол саласын дамыту мәселелері қаралды.*

ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев, Алматы облысының әкімі Қанат Бөзимбаев, Жамбыл облысының әкімі Нұржан Нұржігітов, Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов баяндама жасады. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің деректеріне сәйкес, еліміздің автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 96 мың шақырымды құрайды, оның ішінде 25 мың км – республикалық маңызы бар жолдар, 71 мың км – облыстық және аудандық маңызы бар жолдар. 2025 жылға дейін нормативтік талаптарға сәйкес республикалық маңызы бар жолдардың үлесін 100%-ға, жергілікті жолдардың осындай үлесін 95%-ға дейін жеткізу көзделген.

Премьер-Министрдің айтуынша, ақылы жүйеге ауысып жатқан жолдардың жағдайына қатысты халықтың шағымы да бар. Осыған орай «ҚазАвтоЖол АҚ» АҚ-ға жолдарды күтіп-ұстау сапасы мен қауіпсіздігі бойынша жұмысты күшейту тапсырылды. Дүниежүзілік экономикалық форумның деректеріне сәйкес, Қазақстан жол сапасы жағынан әлемде 93-орында.

«Біздің таңдау»

саяси партиясы құрылды

*Болат Әбілов
«Біздің таңдау» саяси партиясын құру туралы мәлімдеме жасады, – деп хабарлайды «Адырна» ұлттық порталы.*

«Біз саяси, экономикалық, әлеуметтік өзгерістерді байқамай отырғанымызды тағы да айтуға мәжбүрміз. Сондықтан біз бүгін саяси партияның құрылғанын жариялаймыз. Бұл біздің таңдауымыз. Демократия үшін таңдау, еркіндік үшін таңдау, әділдік үшін таңдау», – деді Әбілов дүйсенбі күні баспасөз мәслихатында.

Жаңа партияның негізгі миссияларының бірі – ел конституциясына президенттік республикадан парламенттік республикаға өтуді көздейтін өзгертулер енгізу болмақ. «Біз супер-президенттік конституция болған және солай болып қала беретініне сенеміз. Сондықтан біздің басты шартымыздың бірі – Конституцияға өзгерістер енгізуді ұсынғанымыз келеді. Бұл біздің басты миссияларымыз бен мақсаттарымыздың бірі», – деді Әбілов.

«Қазақстан халқына»

қоры 117 млн теңгеге

экзоскелет сатып алмақ

«Қазақстан халқына» қоры тірек-қозғалыс аппаратында ақауы бар балаларды роботандырылған құрылғылармен (экзоскелет) қамтамасыз ету бойынша қайырымдылық бағдарламасын іске қосты, – деп хабарлайды «Адырна» тілшісі.

«Техникалық оналту құралдарын, оның ішінде экзоскелеттерді балалары үшін қажет ететін ата-аналардан 300-ден астам өтініш келіп түсті. Бағдарлама аясында жыл соңына дейін 13 экзоскелет шығару жоспарлана, оның 4-еуі бойынша өлшеу жүргізіліп, өндіріс процесі жанданды», – делінген хабарламада. 13 баланы экзоскелетпен қамтамасыз ету үшін «Қазақстан халқына» қоры 117 миллион теңге бөліп отыр.

Экзоскелет – бұл церебральды сал ауруы, ми жаракаты, жұлын жаракаттары, параплегия, бұлшықет дистрофиясы, Ретт синдромы және басқа да аурулармен ауыратын балалардың өз бетінше қозғалуына көмектесетін заманауи, жоғары технологиялық және тиімді оналту құралы.

«Адырна» ұлттық порталынан



Адамзат жаралғаннан бері жер бетіндегі осы саналы тіршілік иесінің атауына қосылып айтылып келе жатқан «адамгершілік» деген тіркес бар. Адам бойындағы қандай да бір қасиеттің армен безбенделетінін ұғынған ұлтымыз пенделік пиғылдан ауласын аулақ салып, адамгершілігін аласартпаған жанды ардақ тұтып, құрмет көрсеткен... Осы адамдықтың асқарына өздерінің арлы ісімен есімдерін жазған жандардың арасынан ойын тұрып өз орнын еншілеген бір арда азамат бар. Ол аймағымыздағы сот саласының ардагері – Орынбасар ТАСТАНБАЕВ.

қол жеткізетін. Орынбасар да өзінің іскерігінің арқасында Жезказған облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасында табаны күректей 15 жыл қызмет істеді. Жалпы еңбек өтілі – 38 жыл. Осы жылдар ішінде ол қанағаттас жатқан қос қала – Жезказған мен Сәтбаев қалаларында сот қызметінің сатыларынан өтті. 1989 жылы Жезказған қалалық сотының төрағасы болды. Сол жылы Никольский (Қазіргі Сәтбаев) қалалық сотына судья болып келіп, бірер айдан соң осы соттың төрағасы болып сайланды. Кешегі тоқсаныншы жылдардағы онтайландыру кезеңдерінде де Орынбасар Тастанбеков Жезказған қалалық соты төрағасының міндетін атқарушы (1996 жыл), Жезказған қалалық сотының төрағасы (1997 жыл) сияқ-

ны сыйдырған заты зиялы, сөзі дуалы ақсақалдардың әңгімесін жалында жаттап өскенін ағаның өзі бүгінде үлкен мақтанышпен айтып, сол жылдарды сағынышпен еске алып отырады.

Орынбасар Тастанбаев темірдей қатаң тәртіптің адамы. Заң талабын бұзу, бұра тарту деген ол кісіге жат қылмыстар. Қандай істі болмасын әділ шешуге, әділ үкім шығаруға тырысады. «Біз үшін ең ауыр нәрсе үкім шығару. Іс қаралып, айыптаушы бұлтартпас айғақтарымен кінәсін нақтылап, қорғаушы барлық мүмкін деген қорғау әпекеттерін айтып, шар-пыр болады. Сот ісі аяқталады. Ол процесс қана аяқталған. Енді біздің ішкі арпалысымыз басталады. Бірнеше күн, тіпті бірнеше ай бойғы қаралған істі онаша

адам», – дейді. Міне, қағаз бетіне адам қасиетін қаламмен жазып отырған менің бұл кейіпкерімнің де байсалды да, байыпты болмысы мен тұлғасын осы тұрғыдан қарағанда адамгершіліктің биік тұғырынан көруге әбден болады. Жезказған, Сәтбаев қалаларында бұл кісінің қарамағында жұмыс жасаған сол кездегі қаншама жастар бүгінде тәжірибелі, білікті заңгер, судья болып қалыптасты.

Орекен зейнет жасына шыққаннан кейін де қол қусырып қарап отырмады. «Бар өмірім осы заң саласында өткен соң «Жатқанға жан жуымас, жалқауға мал құралмас» дегендей, зейнеткер болсам да үйде отыра алмаймын» деп 2013 жылдың күзіне дейін сот кеңесшісі, облыстық адвокаттар алқасының

АДАМДЫҚ АСҚАРЫНДАҒЫ АЗАМАТ

Бүгінде Орынбасар Тастанбаев деген атауға қосымша бір түсініктің қажеті жоқ секілді. Бұл кісіні еңкейген кәріден есін жиған жас балаға дейін біледі десек, артық емес. Оны қалың жұртқа танымал еткен – үздіксіз еңбегі, адамдармен тез тіл табысып, жат жұртқа да өз кісінің еркін еніп кететін жайдары мінезі.

Мақаламды бұлайша майпаздап бастап отырғанымың да мінәйі себебі де сол – есімі ел арасында ерекше құрметке ие болса да, өзінің қызметтік міндетінен тыс өмірдегі өзгелерге жасаған адамшылық істерін, жандары жабырқау жандарға жасаған жақсы-



лықтарын жан-жағына жар салып, жария ете бермейтін осы бір азамат ағаның адами қасиеті, жалпы адамгершілігі жайында әңгімелеу.

Орынбасар ағаның өмір жолының өзі өзгелерден мүлдем бөлек. Балғын балалық шағы «арғы бетте» өтті. «Арғы бет» дегеннің астарын түсініп отырған шығарсыздар. Кешегі кеңес заманының содыр саясаты тұсында қалың қазақ балапан басына, тұрымтай тұсына күй кешкен тарихтан жақсы білеміз. Сол бір аласапыран уақытта қазақ үдере көтеріліп бірі Қытай, бірі Ауған асып жатты. Орекеннің ата-бабалары да қызыл үкіметтің қыспағынан Қытайға қашуға мәжбүр болған еді. Орынбасар сол Қытай Халық Республикасының Құлжа қаласында, 1950 жылдың қаңтарында өмірге келді.

Өлі есінде, бала кезінде әжесі марқұм алыстан мұнартан тау сілемдеріне қарап тұрып мұңлы жүзімен, жарықшактана шыққан дауысымен «есіңде болсын балам, анау таудың арғы жағында біздің ата мекеніміз бар. Қазақ даласы деген кең жазырамыз бар. Ертен, есейіп, ер жеткен шағында сол ата жұртқа оралудың қамын жаса» деп отыратын.

Әжесі малшы болғаннан кейін Орынбасардың үйі жазда жайлауға, қыста қыстауға жиі көшетін. Сондай көш кезінде жол әжесі көрсететін таудың өтегімен жүретін. Сол кезде Орынбасар тауды асып, арғы беттегі ата мекенді бір көргісі келетін. Ол ойын әжесіне де айтатын. «Е балам, ол осы жақтағы ісі қазақтың басты арманы ғой. Кім біледі, күн туып жатса ата жұртқа да жетерміз» деп ауыр күрсініп тауға қарап ұзақ отырып қалатын.

Әжесі айтқан сол күн туды. Ақ түйенің қарыны жарылды. 1963 жылы Қытайдағы қазақтарды Қазақстанға қайтару туралы келісім болды. Ел ағылып, қытай үкіметінің жергілікті кеңесінің алдында кезекте тұрды. Орынбасардың

мектеп-интернатына келді. Осы интернатта жатып 1970 жылы 10 жылдықты бітірді. Енді оны алда асқақ армандар күтіп тұрды.

Бала кезінде әжесінің «Кеңес өкіметінің солақай саясаты болмағанда ата жұрттан ауып неміз бар еді. Ол кезде заң да билік те үкімет жағында тұрды ғой», деген әңгімесін талай рет естіген. Сол жадында сақталып қалған. Жайдан-жай сақталып қалған жоқ. «Неге заң адамдарды қорғайды?» деген ауыр сұрақпен шегенделіп барып берік орнығып қалған еді санада. Мектепте оқып жүргенде де оны осы сұрақ жиі мазалайтын. Есейіп, ақыл тоқтата бастағанда Орынбасар өзін заңгер болуға дайындай бастады. Заң саласы, сот туралы ақпараттар жинап, әдебиеттер оқуды дағдыға айналдырды. Ақыры мектеп бітірген жылы Алматыға барып Қазақ университетінің заң факультетіне құжаттарын тапсырып, күндізгі оқу бөліміне оқуға түсті.

1975 жылы осы оқу ордасынан дипломын алып шыққан оны сол жылдары ашылып, қалыптаса бастаған Жезказған облысына жолдамамен жіберді. Бір жылдай заң саласында жұмыс істеп, тәжірибе жинақтаған жас жігіт алғашқы күннен бастап-ақ өзінің біліктілігін, ісіне мығымдығын көрсетті. 1975 жылдың 24 қыркүйегінде Халық сотының құрамына тағылымдамалан өтуші болып халық судьясы лауазымына алынды. Ал, бір жылдан кейін, яғни 1976 жылдың 12 сәуірінде бүкіл қалалық соттардың сайлауында Жезказған қаласының халық сотының судьясы болып сайланды. Тағы бір жылдан соң, облыстық соттың қылмыстық істер бөліміне ауысты.

Кеңес өкіметі кезінде кадрлық саясат коммунистік партияның қатаң бақылауында болатын. Сондай қатал сүзгі жұмыс істеп тұрған тұста қысқа мерзімде мұндай қызметтік сатылармен көтерілуге тек іске мығымдар ғана

отырып тағы ой елегінен өткіземіз. Тіпті қылмысты жасауға итермелеген себептерді де елеп, екшейміз. Үкімді содан кейін барып шығарамыз. Өйткені біздің бір ауыз соңғы сөзіміз бен балғамыздың ұрылуының артында адам тағдыры тұр. Оның келешегі тұр», – дейді Орынбасар аға ағынан жарылып. Бұл еш бүкпесі, қоспасы жоқ шындық.

Кешегі тоқсаныншы жылдардың топалаңы сот саласына да өзінің салқынын тигізбей қойған жоқ. Біресе қысқартылды, біресе кеңейтілді. Он түрлі онтайландырулардан өтті. Сан мәрте реформаларды бастан өткерді. Міне, сол қым-қуат заманда да Орынбасар Тастанбаев өзінің он жолынан тайған жоқ. 1989 жылы Сәтбаев қалалық сотының төрағасы болып қызмет атқарып жүргенде жаппай онтайландыру жылдары басталды. Маман тапшылығы да сезіліп қалып жатты.

шешімімен Жезказған аймақтық заң кеңесіне меңгеруші болып қызмет етті. Содан осы күнге дейін Жезказған аймақтық заң кеңесінде жұмыс істеп келеді. Әрине, мұндай жетістіктері мен еңбектері ескеруші қалған жоқ. Тиісті орындардан жоғары бағаланып, түрлі марапаттарға ие болды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 және 20 жылдығының мерейтойлық медальдары, «Үш би» медалі және Қарағанды облысы бойынша алғаш болып «Құрметті судья» шенінің берілуі осы көп жылғы адал әрі абыройлы еңбектің бағасы. Бұл марапаттар мен атақтар адаспай өз ісін тапты. Ол өзінің әу баста тағдыры сыйға тартқан арлы адалдық пен тақпа тазалыққа апаратын жолынан ауытқыған жоқ.

«А луан-алуан кәсіп бар, тандай біл де, талап қыл!» дейді атам қазақ. Сол айтқанындай алдымен өз маман-



ты қызметтерді мінсіз атқарып, 2013 жылы отставкаға шықты.

Сөзімнің басында ағаның адами қасиеттері, адамгершілігі жайлы сөз еткенді жөн көрдім дедім ғой. Енді соған оралайын. Орекеннің өз ортасында ғана емес, Ұлытау-Жезказған өңіріндегі халықтың арасында абыройы асқақ. Өнердің зиялыларының ортасында сыйлы. Әрине, сот болған соң ғана емес, қанына біткен қасиеті – кішіпейілділігі, мәдениеттілігі, сыпайылығы, жұмысына жауапкершілігі, адамгершілігімен де елдің қошеметіне бөленіп, қалаулысына айналды. «Қолдан құйғандай» дейтін сөз осы Орекен сияқты азаматтарға арналып айтылған ба дерсіз. Ол кісінің сабырлылығы мен салмақтылығы осы қолдан құйғандай ауыр, орнықты. Ол кісіні еш нәрсемен елітіп, еліктіре алмайсыз. Соған қарамастан, Орекен ұлттық болмыс, дәстүр, діл дегенді қатты құрметтейді. Ал мұның бәрін кешегі бала күндері мен бозбала шақтарынан бастап сол кездегі сақалына иман ұялап, шапанына дала-

Осындай кездері Орекен жас заңгерлерге ақыл-кеңес беріп, дұрыс жол таңдауға үйретті. Кейін 1996-2002 жылдар аралығында Жезказған қалалық сотының төрағасы болып қызмет атқарған кездері де ақ сөйлеп, әділ үкім шығарып, қоғамның қауіпсіздігін, елдің тыныштығын, заңның әділдік құруын басты назарында ұстады.

Орынбасар Тастанбаев өзінің саналы ғұмырын заң саласына, оның ішінде сот саласына арнаған жан. 2013 жылы зейнеттік демалысқа шыққанша осы салада адал әрі әділ жұмыс атқарды. Осы жылдар ішінде ол заң қызметін көрсетудің үздік үлгісін көрсетіп, өмір жұртшылығына өз ісінің кәсіби маманы, білікті басшы, адалдық, тазалық, туралық деген өмірдегі ұстанымынан айнымайтын азамат ретінде танылды. Белгілі қоғам қайраткері М. Шаханов: «Ең мықты адам – қоғамдағы өзінің орнын білетін, халқының амандығы мен ұрпағының саулығы үшін әділетсіздікпен қасқая күресетін, атағынан адамгершілігі мен арын биік қоятын

дығынды сүйіп, ісіне адал болу керек. Ең бастысы, салықалы судья өзінің адал қызметімен, кәсіби біліктілігімен соттың беделін өсіреді. Олай болмаған жағдайда судья керісінше беделін түсіреді. Сот беделі – мемлекеттің беделі. Ал, мемлекеттің бедел-абыройы қоғамның дамып, гүлденуінің алғышарты. Бірінші кезекте өз ар-ұжданы алдында шыншыл болу керек, ал іс жүргізудегі кемшіліктерді жоюға болады, тәжірибе жылдармен келеді... Егер адал болсаң, қорқатын ешнәрсе жоқ!». Бұл – Орынбасар Тастанбаевтың өмір бойғы ұстанымы. Өзінің осы өмірлік кредосын сот жүйесінің ардагері жастарға, қазіргі қызметте жүрген судьяларға айтып, үйретіп, кеңес беріп отырады. Өз бойындағы осы адами қасиеттерді кейінгілердің санасына сіңіріп, қызметтегі, жалпы өмірдегі тура жолымен үлгі болған ағаның көпшілік білетін бітім-болмысы міне, осындай.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

MEMLEKETTIK PƏMİZDER – 30



ӘНҰРАН ТАРИХЫН БІЛЕМІЗ БЕ?

Тәуелсіз Қазақстанның тарихында еліміздің мемлекеттік гимні екі рет – 1992 және 2006 жылдары бекітілді. Ал, кешегі кеңестік кезеңнен бері санасақ, елімізде үш әнұран болған екен.

Оның ең алғашқысы осыдан 78 жыл бұрын, яғни 1943 жылы қабылданыпты. Осы жылы Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының мемлекеттік әнұранын жазуға байқау жарияланған. Оған Орталықтың 1943 жылғы «Одақтас республикалардың әрқайсының өз әнұраны болуы керек» деген қаулысы негіз болса керек. Ашық дереккөздерге сүйенсек, ол кезде байқауға еліміздің маркасқа жазушылары мен поэзия әуесқойлары да қатысқан көрінеді. Нәтижесінде соңғы нұсқа ретінде Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский мен Латиф Хамидилердің әуеніне жазылған Әбділда Тәжібаев, Қайым Мұхамедханов, Ғабит Мүсіреповтердің мәтіні қабылданды. Бірақ, кейбір деректерге сүйенсек, алғашқы әнұран мәтінінің толыққанды авторы – Қайым Мұхамедханов екені айтылған. Қалған авторлар болса мәтін басындағы «ер қазақ» сөзін «біз қазақ»-қа ауыстырған.

Сонымен, 1943 жылдан 1992 жылға дейін айтылып келген Қазақ КСР Мемлекеттік Әнұранының мәтіні төмендегідей:

Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған,
Бостандық өмір мен ар үшін қиған жан.
Торлаған тұманнан жол таппай тұрғанда,
Жарқырап Лениндей күн шығып, атты таң.

Қайырмасы:

Жасасын Советтер Одағы,
Жеткізген еркіндік, теңдікке,
Бастайтын елдерді бірлікке,
Жеңіске, шаттыққа, ерлікке!

Дақ салмай Лениннің жеңімпаз салтына,
Ұрпағы қосты даңқ Отанның даңқына,
Одақтас, ұрандас елдердің қамқоры,
Көп алғыс айтамыз ұлы орыс халқына.

Қайырмасы:

Іргелі мемлекет, ерікті болдық ел,
Достықпен, бірлікпен жайнайды туған жер.
Еңбекте, майданда, жеткізген жеңіске,
Данышпан партия – сүйікті кеменгер.

1992 жылы Кеңес Одағы күйрегеннен кейін тәуелсіз мемлекеттің азаттығы мен зайырлығын бейнелейтін жаңа әнұранын әзірлеу қажет болды. Осыған

орай 1992 жылы еліміздің әнұранының мәтіні мен әніне конкурсы жарияланған еді. Жалпы конкурста 750 жоба түскен екен. Сөйтіп байқаудың жеңімпазы деп Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаеваның бірлесіп жазған туындысы Қазақстан Республикасының әнұранының мәтіні деп таңдап алынған. Айта кетейік, 1992 жылы Әнұранның тек мәтіні өзгерді, ал Әнұран әні алғашқы күйінде қалды.

Ал, енді 1992-2006 жылдардағы Мемлекеттік Әнұранның мәтіні төмендегідей болып келді:

Жаралған намыстан қаһарман халықпыз,
Азаттық жолында жалындап жаныппыз.
Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен
Аман-сау қалыппыз, аман-сау қалыппыз.

Қайырмасы:

Еркіндік қыраны шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың қуаты – халықта,
Халықтың қуаты – бірлікте!

Ардақтап анасын, құрметтеп данасын,
Бауырға басқанбыз баршаның баласын.
Татулық, достықтың киелі бесігі –
Мейірбан Ұлы Отан, қазақтың даласы!

Қайырмасы:

Талайды өткердік, өткенге салауат,
Келешек ғажайып, келешек ғаламат!
Ар-ождан, ана тіл, өнеге-салтымыз,
Ерлік те, елдік те ұрпаққа аманат!

Бірақ, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, 14 жыл өткен соң ол Әнұран бүгінгі күннің талабын қамти алмай, түсінігі төмендей берді. Осыған байланысты Әнұранды өзгерту тәуелсіз еліміздің күн тәртібінен түспейді. Еліміздің жаңа Әнұранына байқау жарияланып, оған екі ән түсті. Біріншісі – «Менің елім», оның сөзін жазған Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев, әнін жазған – Бекболат Тілеуханов. Екіншісі – «Менің Қазақстаным», әні – Шәмші Қалдаяқовтыкі, сөзі – Жүмекен Нәжімеденовтікі.

Екі ән де Әнұранға лайық болды. Әйтсе де, «Менің Қазақстаным» әні халықтың көңілін ауда-

ра берді. Оның үстіне, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасында қазақ жастары осы әнді бейресми әнұран ретінде айтып, алаңды жаңғыртқан еді. Елдің қалауымен ән мемлекеттің Әнұранына айналды. Тек, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы «Мемлекеттік Әнұран болғандықтан, бүгінгі уақыттың нақтылы талабына сай болуы керек» деп, бұрынғы сөз мәтінінің бірінші шумағының 3-7-ші және екінші шумағының 1-4-ші азатжолының сөздеріне ішінара өзгерту енгізді. Әннің қайырмасы сол күйінде қалдырылды. Осылайша, Нұрсұлтан Назарбаев Жүмекен Нәжімеденовпен бірге Әнұранның авторы есебінде қабылданды. Сөйтіп, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің бірі болып еліміздің қазіргі Мемлекеттік Әнұраны 2006 жылы 6 қантарда қабылданды. Оны бүкіл Қазақстан халқы бірауыздан қуанышпен, азаматтық сезіммен қарсы алды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ:

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты қой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты қой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырын болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кен байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досыңдай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осыңдай!

Қайырмасы:

Міне, осылайша мемлекеттің басты рәміздерінің бірі – Әнұран кеңестік кезеңде бір рет, тәуелсіздік алғалы екі рет бекітілген.

Ізбасар ОЙБАС. (МТ)

АҚПАРАТ АРНАСЫ

Балалар жылы қарсаңында оңалту орталықтарының саны артады

Бұл туралы Республикалық балаларды оңалту орталығының директоры айтты.

Жыл соңына дейін 30-ға тарта орталық ашылады. Сәйкесінше, балалардың емдік шара қабылдауына мүмкіндік артады. Быыл балалардың денсаулығына ерекше көңіл бөлінбек. Әсіресе, жүйке жүйесі ауруларына шалдыққан, есту, көру мүшесінде кемістігі бар және аутизм, жүре алмайтын бүлдіршіндердің саулығына бағытталған шаралар көп. Әуелі өңірлердегі орталықтарға бақылау күшейеді. Алыс ауыл аймақтағы балалардың емдік оңалту жұмыстарымен қамтылуы, басты назарға алынбақ. Балаларды дертінен айықтыруға көмектесетін жаңа халықаралық классификация түрін енгізу жоспарланған. Оңалтуға септігін тигізетін эрготерапия сияқты тың мамандар қатарға қосылмақ. Елімізде ерекше күтімді қажет ететін балалар саны 100 мыңға жуық.

Шолпан Бөлекбаева, Республикалық балаларды оңалту орталығының директоры: Жылдың басынан 10 орталық ашылды. Тағы 17 орталық ашылайын деп жатыр. Былтыр 50 мыңнан астам бала емделсе биыл жаңағы орталықтар ашылғаннан кейін 60-70 мыңға дейін барады деп ойлаймын.

Елімізде 673 сайттың жұмысына тыйым салынды

Елде 673 сайтқа тыйым салынды.

Ақпарат тарату талаптарын сақтау бойынша республикалық және өңірлік басшылар, телеарналар, жергілікті әрі шетелдік интернет ресурстар үнемі тексеріліп тұрады. Сала министрлігі заңсыздыққа жол берген 673 сайттың қызметін шектеді. Себебі оларда экстремизм насихатталып, порнография таратылған. Есірткі, психотроптық заттарды насихаттағандары да болған. Ойын бизнесі, жарнама, әкімшілік құқық бұзушылық пен алаяқтық деректері тіркелген. Тиісті комитет бұқаралық ақпарат құралдарын тіркеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Сәуірде 22-сі тіркелген. Тағы 38 ақпарат алаңы қайта тіркеуден өткен.

Елімізде зейнетақы мөлшерін 11 пайызға өсіру қарастырылуда

Егде жастағы азаматтармен қатар табысы төмен отбасыларға әлеуметтік жәрдемақы мен зейнетақы мөлшерін ұлғайту мәселесі Сенатта қаралып жатыр.

Әлеуметтік қолдауды күшейтуге бюджеттен қосымша 185 миллиард теңге сұралды. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Руслан Сәрсеев хабарлады. Өткен жылмен салыстырғанда зейнетақының 11, басқа төлемдердің 9 пайыз көлемінде өсуі көзделген. Сондай-ақ, соғысқа қатысушылар мен тыл еңбеккерлеріне де материалдық және материалдық емес көмек қарастырылған.

Руслан Сәксеев, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі: «Салық кодексінде қарастырылған жеңілдіктер бар. Одан кейін мынау жергілікті атқарушы органдарда олардың басқа да жағдайлар жасайтын көмеңгері бар. Мысалы, үйлеріне жөндеу жасап беру немесе жол ақысын төлеп беру. Немесе заңда көрсетілген көліктерді тіркеуде тағы басқа баж салығына байланысты жеңілдіктер бар. Ол жерде олар босатылған».

Қазір елімізде 381 ұлы соғыс ардагері мен оларға теңестірілген 74 мыңнан астам тыл еңбеккері тұрады. Оларға биыл бір миллион теңгеден кем емес бір реттік төлем қарастырылған.

Ұлттық арна сайтынан.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

АКАДЕМИК ЕСІМІ БЕРІЛДІ

Жаңаарқа жұртышылығы тағы бір қуанышты әрі тарихи сәттің күәсі болып, өзінің біртуар перзенті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, биология ғылымдарының докторы, академик Еламан Шахановтың рухымен қауышты. Аудан орталығындағы №132 тірек мектебіне (ресурстық орталық) ғалым есімінің берілуін салтанатты жағдайда атап өткен жаңаарқалықтар «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейтініне» тағы бір көз жеткізін тарқасты.

Еламан Шаханұлы Шаханов – бұл мектептің 1962 жылғы түлегі. Ол кезде 85 жылдық тарихы бар бірегей білім ордасы Жаңаарқа станциясының №160 орта мектебі болып аталатын. Аталмыш мектепті «Алтын медальмен» бітірген Еламан Шаханұлы сол жылы Алматыдағы Қазақ ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетіне оқуға түсіп, оны 1967 жылы қызыл дипломмен тәмамдады. Сол сәттен бастап ғылымның қия жолына қанат қаққан болашақ академик бар габриятты ғұмырын өсіміздіктер селекциясына арнады. Ол – ауыл шаруашылығы дақылдарының 20-ға жуық сорттының авторы. Дәнді дақылдар мен жемшөптік өсімдіктердің құнарлы түрлерін шығара отырып, еліміздің ауыл шаруашылығы саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан жерлесіміздің отандық ғылымға сіңірген орасан еңбегі – барынша биік құрметке лайық. ҚР Үкіметінің «Қарағанды облысындағы бірқатар білім беру ұйымдарына атау беру және атауын өзгерту туралы» 2021 жылғы 15 желтоқсандағы №890 Қаулысына сәйкес ұйымдастырылып

отырған бұл шара – сол құрметтің бір парасы ғана. Салтанатты жиынға аудан әкімі Юржан Бекқожин қатысып, аудан тұрғындарын қуаныштарымен құттықтады.

– Бүгін баршамыз қойнауы шежіреге толы ауданымызда ұйымдастырылып отырған тәрбиелік, тарихи мәні зор шара барысында бас қосып тұрмыз. Еліне шынайы қызмет еткен тұлғалардың есімі әсте естен шықпайтыны ақиқат. Оған бүгін айтулы білім ордасына көрнекті ғалым, биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Еламан Шахановтың есімі берілуі дәлел бола алады, – деді аудан басшысы Юржан Асанұлы өзінің құттықтау лебізінде.

Аудан әкімінен кейін сөз алған жерлесіміз, айтыстың ақтаңгері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтай мектептің бір озат оқушысына өз атынан академик Шаханов атындағы шәкіртқа тағайындайтынын жеткізді. Ал, шараның құрметті қонағы Мейрамгүл Ергазықызы математика пәнінен үздік жетістікке жетіп жүрген тағы бір оқушыны Канада мемлекетіне тегін апаратынын айтты.

Осылайша дарынды ғалым, академик Еламан Шахановтың ел жүрегіндегі екінші өмірі басталды. Көзқорғандар естелігі қымбат мұндайда. Айтулы тұлғаның әріптестері, замандастары шерткен сыр Еламан Шаханұлын сағынған елдің сағынышын тербетті. Қазақ күресінің қара нары, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы



Диканбай Битқозов, академик, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, академик, бірнеше медальдардың иегері Ғалиолла Мейірманов, ғалым, биология ғылымдарының докторы, профессор Сардар Әбиев, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, мектеп түлегі Әбілқасым Ақмағанбетұлы, экономика ғылымдарының докторы, академик, профессор, ғалымның құдасы, осы мектептің түлегі Дәулет Сәрсенбаев, техника ғылымдарының кандидаты Қарлығаш Сатова тағы басқа да мәртебелі меймандар жеткізген естеліктер ғалымның тұғырлы тұлғасын айшықтай түсті.

Осыдан кейін мектептің жаңа атауы жазылған тақтаның ашылу рәсімі жасалып, қонақтар ішке еніп, білім ордасын аралады.

Елі ардақтаған азамат, көрнекті ғалым, парасатты тұлға осылайша араға 60 жыл уақыт салып, өзі білім алған алтын ұясына оралды. 1962 жылы жас тұлғ болып ұядан ұшқан дарынды ұл 2022 жылы өз ұясына рух болып оралып, жүздеген жас шәкірттің өміріне өнеге болар, ғабриятқа бастау болар мәңгілік жолын бастады.

Салтанат БАЙШОКЕНОВА, Еламан Шаханов атындағы тірек мектебінің (ресурстық орталығы) директоры.

Жаңаарқа ауданы.





Жетекшісі –
Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ



Кейде отбасы құндылығы, ұрпақ тәрбиесі, үйдің берекесі сияқты мәңгілік тақырыптарды қаузағанда бір тоқтамға келе алмай жатамыз. Әңгіме әдеттегідей аға ұрпақтың кейінгіге көңіл толмаушылығынан басталып, әркім өз пікірін дәлелдеуге тырысады. «Баланы да тапқанбыз, ата-енені де баққанбыз, өкіметтің жұмысын да істегенбіз» деген үлкендердің уәжіне кейінгілердің жауабы да әзір – «Ол кезде жұмыс, үй, балабақша – бәрі дайын болды».

ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫН БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ

ЗАҢ ЖОБАСЫ ЖАЛПЫНЫҢ КӨҢІЛІНЕН НЕГЕ ШЫҚПАДЫ?

Олай болса әңгімемізді бастайық. Соңғы бірер жылдан бері «Отбасы институтын» нығайту мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы ел талқысында жүр. Тіпті, көпшілік бұл заңға «ағы шулы» заң жобасы деп те айтар тағып үлгерді. Шын мәнінде «Отбасылық тұрмыстық зорлыққа қарсы» заң жобасы қоғамда наразылық тудырып, 2021 жылы Мәжіліс бұл жобаны қайтаруға мәжбүр болған. Жаңа заң жобасы неге елдің көңілінен шықпады? Әңгімемізді осы тұрғыдан бастасақ. Ендеше отырсымыздың шымылдығын осы заң шығарушы органның төменгі буыны, мәслихат депутаты ашып берсе. Сөз Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты – Светлана Жумкинада.

– **Света ханым, «Отбасылық тұрмыстық зорлыққа қарсы» заң жобасындағы кейбір пайымдар (баласын ұрған ата-аналарды заң алдында жауапқа тарту, ата-аналық құқығынан айыру, қамауға алу) елдің наразылығын тудырды. Бірақ оны кейбір құзырлы орындар «фейк» деп жатады. Сіз не дейсіз? Жалпы осы заң жобасы жайлы ойыңыз қандай?**

– Армысыздар, ағалар, замандастар. Бұрынғы өткен даналар осындайда «Қол бастау қиын емес, артында қалың елің бар. Ең қиыны сөз бастау. Тауып айтсаң береке, қауып айтсаң келеке» деген екен. Сондай қиын сәт менің де басыма түскен сияқты ма. Оның үстіне ағалардың алдына түсіп кеткендеймін бе? Барымша пайымдап көрейін енді.

Иә дұрыс айтасыз заң жобасы қоғамда біраз резонанс тудырып отыр. Осы жобаға қарсы мәжіліс депутаттары, қоғам белсенділері, сондай-ақ өнер адамдары баспасөз беттерінде, телеарналарда, әлеуметтік желілерде өздерінің пікірлерін білдіріп жатыр. Жалпы, менің ойымша кез келген заң жобасы нақты әрі дәлелді болуы керек. Нақтылық жоқ жерде дау-дамай қоса жүретіні белгілі. Аталмыш заң жобасында да кейбір баптардың солай нақтыланбауы халықтың дүрлігуіне алып келіп отырған сияқты.

Екіншіден, жалпы бұл отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заң жобасы міндетті түрде менталитетімізге сай, халықтың түсінік-түйсігіне бейімделіп жасалуы керек. Бізге европалық менталитет, батыстық стандарттарды мұндай заң жобасына пайдаланбау керек деп есептеймін. Өйткені біздің өзіміздің ұлттық, ата-бабамыздан келе жатқан ұрпақ тәрбиелеу дәстүріміз бар. Жалпы, ұрпақ тәрбиесі ұлттың тәрбиесі. Біздің ата-бабаларымыз бұл мәселеге жігіт караған. Сондықтан да мұндай заңдар осы мәселелердің негізінде қаралуы керек.

Енді осы заңға байланысты пайымдардың қайсы дұрыс, қайсы бұрыс екенін, қайсы өтірік, қайсы шын екенін біз біле бермейміз. Десек те, соңғы кездері, әсіресе, мына пандемияның кездерінде осы зорлық зомбылыққа қатысты мәселелер өте белен алып кетті. Соңғы жылдардағы статистика бойынша да 54 пайызға жуық айел, 67 пайызға жуық бала осындай зорлық-зомбылыққа душар болған екен. Бұл деген үлкен көрсеткіш. Сондықтан аталған заң жобасын нақтылап, жан-жақты қарастырып барып бекіту керек. Содан кейін тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өлшемі, яғни, критерийлері анықталуы керек. Біздің өзімізді де кезінде анамыз шапалақпен, із болмаса шаңқаққышпен тартып жіберетін. Әрине өкпелейтінбіз. Бірақ, лезде сабамызға түсіп,

кәтелімізді түсініп, үй шаруасына жүгіріп кете беретінбіз. Бір ауылда қаншама бала бар. Солардың біреуі ата-анасы сабап жансақтау бөліміне түсіпті дегенді естіміз.

– **Светлана Серікбайқызы, әңгімеңізді бөлгеніме айып етпеңіз. Әлігінде өзіңіз «ағалардың алдына түсіп кеткендеймін» деп қалдыңыз ғой. Енді кезекті осы ақсақалдарға берсек. Бүгінгі отырысқа қарашаңырақ Қарсақбайдан Айтқали аға арнайы қатысып отыр. 6 бала тәрбиелеп, немере сүйіп отырған іргелі отбасының тірегі. Айттары көп, көкейге түйгені мол қазына қария.**

– **Айтқадыр аға, елді дүрліктіріген «ағы шулы» заң жобасы жайлы не айта аласыз?**

– Амансыңдар ма, балалар. Бүгін үлкен бір тақырыпты талқыға салып отыр екенсіңдер. Өте дұрыс. «Білгенінді айтпасаң білгендігің қайсы» демей ме бұрынғылар. Мұндай, елге қатысты мәселелерді ауылдың ақсақалдары да өзара талқылап отырамыз ғой. Бәрінің көзі ашық, оқыған, тоқыған жандар. Сондағы біздің пайымымыз мынау болды. Бұл заң жобасының кейбір баптары тым өрескел. Әлігі өзің айтқан ата-ана құқығынан айыру, қамауға алу деген сияқты тұстары ақыл арнасына сия қоймайды. Баланы ата-анасынан артық ешкім жақсы көре алмайды. Ата-анасынан артық ешкім балаға тәрбие бере алмайды. Жаңа Света балам айттып өтті ғой, біз де бала кезімізде анамыздан талай рет шапалақ жегенбіз деп. Ана баласына жаман болсын деп ұрыспайды. Шапалағы тисе де жаман болсын деп ұрмайды. Сондықтан мен, бұл заң жобасын әлі де пысықтап, жетілдіріп барып қабылдау керек деп ойлаймын. Тіпті, мұндай заң керегі жоқ десем де болар еді.

– **Жақсы. Елдің көңілінен шықпаған заң ертең бәрібір елге оңа бермейді демексіз ғой. Бұл жайлы Жезді кентінен қатысып отырған Жанат Жақсымбетов аға не айтар екен? Сіз не дейсіз, Жәке?**

– Ассалаумағалейкум, әлеумет. «Пікір білдіріңіз» деп арнайы шақырғандарыңызға рахмет. Мен де шамам жеткенше өз түсінік-түйсігімді айтуға тырысайын.

Жаңа Айтекен де, Света да айттып жатыр ғой, «біздің менталитетіміз бөлек» деп. Мен де солай деймін. Қазақ халқының мүддесіне қажетті қай заң болмасын біздің менталитетімізге сай болуы керек. Батыстан келген, өзге елдерден алған жүйе біздің сана-сезімімізбен қабыспайды. Оларда бәрі басқаша. «Өзім білем» басым. Міне, осы үрдіс бізге теріс ықпалын тигізіп жатыр. Отбасындағы кикілжің, батырынан сөз асырмау, сөзге тоқтамау осы «өзім білемнің» салдары. Содан барып бүгінгі талқыда жүргендей заң жобасын қабылдауға барып отырған сынайлы өкімет. Бірақ, бұл заң бізге керек заң емес. Ал, керек деп жатса оны әлі пысықтау қажет.

– **Жөн екен. Бүгінгі отырысымызға «Аяулым» әлеуметтік қолдау қоры қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қаламқас Әбдуалиева қатысып отыр. Ендігі сөз кезегін сол кісіге берсек.**

– Саламатсыңдар ма, ағалар, апалар. Мынадай тағылымды ой қозғайтын пікір-сайыс клубында өздеріңізбен бірге болғанымна қуаныштымын. Талқыға салынып жатқан тақырып та өзекті екен. Жалпы, мен осы тұрмыста зорлық-зомбылықтан зардап шеккен аналар мен балаларға әлеуметтік көмек көрсететін орталықтың жетекшісімін. Құрылғанымызға біраз жылдардың жүзі болды. Қаншама ана мен балаға қолымыздан келгенше мына заң жобасы бізге керек. Бала мен ананы қатыгездіктен тек осындай тәсілмен ғана қорғай аламыз.

Бірақ, заңның кейбір баптарын өздеріңіз айтқандай жетілдіру қажет. Және бұл заң дәл қазір қабылданайын деп жатқан жоқ. Ал, енді «ата-ананы жауапқа тарту» дегенге келсек, әрине, баланың өміріне, денсаулығына шын мәнінде қауіп төніп тұрса, ата-ананы жауапқа тарту керек. Бірақ, құқығынан айыру деген ең соңғы шек қой. Баланы балалар үйіне жібергенде, басқаша жағдай жасағанда оған ешкім бәрібір ата-анасындай жақын бола алмайды. Сондықтан, бірден үзіп, кесіп тастамай, әке-шешесіне түзелуге мүмкіндік беру керек. Баланы не себептен ұрып-соқты, неге қатал жазалады, соның бәрінің себебін анықтап алу керек әуелі. Мүмкін осындай әрекетке барған ата-ананың өзіне қолдау, көмек керек шығар. Соның бәрін жан-жақты қарап, салмақтап барып бір шешім қабылдау керек деп ойлаймын.

– **Әнуар Серікбайұлы, алғашқы сұрақты өзіңіз түйіндеп көріңізші. Сіздің заңға енгізілер өзгерту жайлы көзқарасыңыз қандай?**

– «Saryarqa» газетінің пікір-сайыс клубына қош келдіңіздер деймін. Салмақты ойлар да айтылып жатыр. Бәрін қайталамас үшін бірден нақтылы әңгімеге көшейін.

Баланы ұрудың да неше түрі бар. Тәрбиелеу мақсатында әлде бір оқылғы үшін шапалақпен тартып жіберсе, одан баланың болашағына тек пайда. Ал енді, мінезінің қиянқұрыстығымен, не психикалық ауытқушылықпен балаларын қатал ұрып-соғып, қорлық-зорлықтан көз аштырмай ұстаса, ондай ата-анаға заңның барлық қаталдығын қолдану керек. Мәселе осы отбасындағы кикілжіңмен жұмыс істейтін тұлға не ортаның біліктілігінде. Үлкендер мен балалардың арасындағы қарым-қатынастағы табиғи қарама-қайшылық пен зәбір көрсетіп, жапа шектірудің ара жігін ажыратуға маманданған жандар әр жағдайға байланысты нақты шешім қабылдағаны жөн.

– **Хоош делік. Заң жобасының жалпының көңілінен шықпанының себебін бір қабат зерделеп тастағандаймыз. Осы орайда мына дай бір сұрақ та туындап отыр. Отбасы институтын нығайту үшін міндетті түрде осындай қатал заң талаптары қажет пе? Ата-баба жолы, дәстүрі ол заңды алмастыра алмай ма?.. Айтқали аға, Сіз не дейсіз?**

– Әлгіде айттым ғой. Отбасының тәлім-тәрбиесін нығайту жөнінде ешқандай да заң қажет емес. Ықылым заманнан бері ата-бабаларымыз отбасы, ошақ қасындағы тәрбиені ешқандай заңның баптарына қарамай жүргізіп отырған. Отбасының шырқын бұзатын тентектерді де ауыл болып, ақсақалдар болып тезге салған. Ең бастысы, үй ішіндегі кикілжіңді сыртқа шығармауға күш салған ғой. Сол үйдің, әулеттің үлкендері мұндай мәселеге қатты қараған. Отбасындағы әңгіме тіпті құдалардың да құлағына жетпеген.

Әрине, қазір заман басқа, заң басқа. Қит етсе болды киім-кешегін жинап, төркінге кететін болды. Одан қалды әлігінде айтылған әлеуметтік қолдау орталықтарын барып паналайтын болды. Мұның бәрі жаңа Жанат айтқандай батыстан келген үрдістің жемісі. Сондықтан, заңның орнына ата-баба дәстүрін, солар ұстанған жолды қайыра жаңғыртып, зоны нығайту керек.

– **Жастар өкілдері бұған не айтар екен? Қаламқас Кәдірбайқызы, сөз сізде.**

– Ағалар менің сөзімді дұрыс түсінеді деп ойлаймын. Өйткені, біздің бүгінгі қоғамда үлкендердің жастар алдында бөделі тым төмен. Жоқ десем де болады. Сондықтан, отбасы институтын нығайтуда ата-баба жолы айтарлықтай әсер ете алмай ма деп қауіптенемін. Әрине, бұған біз, ересектер өзіміз кінәліміз. Жастар алдында



Айтқали МАМЕНОВ,
Қарсақбай кенті
ақсақалдар кеңесінің
төрағасы



Жанат ЖАҚСЫМБЕТОВ,
Жезді кенті
қоғамдастығының
мүшесі



Светлана ЖУМКИНА,
Жезқазған қалалық
мәслихатының депутаты



Әнуар ОМАР,
аймақтық «Saryarqa»
газетінің бас редакторы



Камеш ӘБЖЕМЕЛОВА,
«Дағдарыс орталығы-
ның» басшысы



Қаламқас ӘБДУАЛИЕВА,
«Аяулым» әлеуметтік
қолдау ҚБ төрағасы

беделімізді түсіріп алдық. Бұған жауап та іздеп көрдім. Әртүрлі себептері де бар. Әсіресе қазіргі жұмыссыздық, тапшылық отбасына үлкен әсерін тигізеді. Кейбір ағаларымыздың бос сенделіп жүргені, ащы суға үйірлігі, қалай болса солай сөйлеп, қалай болса солай жүріп тұруының бәрі жастарға кері әсерін тигізуде, әрі үлкендердің беделін түсіреді.

Міне, осындай алмағайып тұста бізге қатаң заң қажет. Біздегі қолданыстағы заң солқылдақ. Сондықтан мына заң жобасының кейбір баптарын қайыра қарап, жетілдіру қажет дегенге қосыламын.

— **Жанат аға, Сіздің пайымыңыз.**

— «Өзің диуанасың, кімге пір боласың» дегеннің кері дейді ғой Қаламқас балам. Ол рас енді.

НЫҒАЙТУ

МӘСЕЛЕСІНЕ АЙНАЛДЫ. НӘГЕ?

Шын мәнінде жастардың үлкенді тыңдауы қалды. Бір жерде, бірдене айтудың өзіне қаймығамыз қазір. Бетіңнен алып тақталды.

Бірақ, солай екен деп қол қусырып қарап отырған да болмас. Заң біздің ата-дәстүрімізді алмастыра алмайды. Қатал заңмен халықты да қарсы қойып аламыз. Сондықтан бұрынғы сал-дәстүр, ата жолы дегенді қайыра жаңғырту керек. Жаңа Айтқали айтты ғой. Оны қайталай беріп қайтейін.

— **Әнуар Серікбайұлы сөз сізде.**

— Ата-баба дәстүрі, Отбасы институты дегенде еске бірден ата-әже тәрбиесі түседі. Ата-әже-немере деген туыстық атаулар ғана емес, уақыт, мезгіл көрсеткіші де ғой. Кемі 40-45 жылды қамтиды. Яғни, «заманы басқаның амалы басқа». Әсіресе әженің тәрбиесін қатты мақтап келдік. Бірақ, бұрынғының әжесі негізінен отбасы мен бала, немере тәрбиесімен ғана айналысатын, ресми қызметтен қолы да басы да бос жан еді. Қазіргі әжелердің көбі өзі де қызмет атқарып, қызық қуып жүрген, ұрпақ тәрбиесі үшін ду-дұман, еркіндік бостандығынан бас тартуға әлі де дайын емес қоғам мүшесі. Ол үшін оларды кіналаудан аулақпын. Бұл қазіргі өмір шындығы. Жұмыс істеп, табыс тауып, жан бағу қажет. Осыған байланысты әулеттік бала тәрбиелеу шарттарын ақылдаса отырып шешіп, кімнің қандай мүмкіндігі, уақыты бар екенін ескере отырып, жоспар жасап, ұжымдық жиналыста бекітіп, басшылыққа алса да артық болмас еді.

— **Жақсы екен. Ал онда, алғашқы бөлімімізді бір түйіндеп алайық. Светлана Серікбайқызы, осы сауалдарға өзіңіз бастап жауап беріңіз.**

— Отбасы институты деген мәселеге келетін болсақ, дала диктатурасы мен дала демократиясы қатар ұстанған біздің ата бабаларымыздың өзіндік ұрпақ тәрбиелеу үрдісі болды. Өкінішке орай біз осыны жоғалтып алғандаймыз. Бір ғана мысал, Абай бала кезінен бастап әжесі Зеренің тізесіне басын қойып, даланың даналық кітабынан үйреніп, бүкіл әлемдік деңгейде танылған философ ақын болып шықты. Ол, Оксфордта оқыған жоқ. Кембриджді бітірген бала емес, дала даналығынан үйренген бала. Әже әлдінен бастап халық ауыз әдебиетін бойына сіңіріп, соның барлығын жаздында жаттап, сол құйма құлақ көнекөз қариялардың әңгімесін санасында сақтап осындай биік деңгейге жетті. Осы тұрғыдан келген кезде отбасы институтын нығайту үшін қатал заң талаптары қажет деп ойламаймын.

Екінші бір жағынан келгенде, қазіргі қоғамда ата-баба дәстүрі бұл қатал заңды алмастыра алады деп те айта алмаймын. Заң керек, бірақ, біз баба жолын ұмытпауымыз керек. Бабаларымыз салған дәстүр жолын ұмытпауымыз керек. Мен кейінгі жылдары 4 жыл қатарынан европада болдым. Сол кезеңдерде менің байқағаным, европалықтарды ештенмен таң қалдыра алмаймыз. Бірақ олар бізге қызығады. Біріншіден, олар біздің жеріміздің кеңдігіне қызығады. Екіншіден, біздегі мына жеті ата, яғни қан тазалығына қызығады. Үшіншіден оларды қызықтыратын дүние біздің осы отбасылық институтында қалыптасқан ата-әке-бала-немере сияқты туыстық қарым қатынастың бір-бірінен тамыр үзбегені. Басқа оларды ештенмен қызықтыра алмаймыз. Міне, отбасы институты деген сол. Испанияның Пинеда де мар деген қаласында болдым. Қаланың тұрғындары қартайып кеткен. Жастардың бәрі кетіп қалған. Қалада қарттар ғана тұрады. Біреудің камкорлығында өмір сүреді. Қолтығында мысық, ит. Ол жерде немере жетектеп, бала бағып отырған бірде бір ата-әжені көрмейсіз. Біз қазір европаға есік ашылды деп қуанып жатырмыз ғой. Етене еріп, еліктіріп жүрген европалық мәдениет біздің осы құндылықтарымызды, дәстүрлерімізді, ата-баба жолын жойып жібермесе екен.

ОТБАСЫ ШЫРҚЫН НЕ БҰЗАДЫ?

Кейінгі кезде отбасы институты, әйел мен ер адамның міндеті туралы оңды-солды ой айтатындар шықты. Әлеуметтік желіні айтсам... Әйел, бала құқығын қорғаймыз дейтіндердің қарқыны тіпті қатты. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі отбасы құндылықтарын мансұқтауға шақыратындар да төбе көрсетіп

қалып жүр. Әсірешілдердің де әйелге, қыз балаға қатысты көзқарасы талайлардың тағдырына әсер етті. Оларға қалай қарсы тұрамыз? Ендігі әңгімемізді осы төңіректе өрбітсек.

— **Әнуар мырза, ер мен әйелдің міндеті дегенді қалай түсінесіз. Әлізінде айтқанымыздай, әдеузелдерде «әйел өз орнын білугі керек» дегенде айттып қалып жатқандар аз емес...**

— Сұрағыңыздың астарын түсіндім. Қазір, ер мен әйелдің міндеті деген түсінікке де өзгеріс енді емес пе. Бір отбасын ерінің табысы қамтамасыз етсе, екінші отбасы негізінен әйелінің тапқанымен күнелтуде. Осыдан келіп, ғасырлар бойы қалыптасқан классикалық түсініктердің қабырғасы қақырап, терезесі шытындады. Бұл өз кезегінде қа-

осы жоқшылық пен тапшылықтан зардап шегіп, аяғы ажырасуға барып жатады. Әрине, мен келген келіншектерге үйдің берекесі әйел екенін, барды ұқсатып ұстап, жоқтан бар жасаңдар, шыдымдылық танытыңдар деп айтып отырамын. Десек те, ер-азаматтар да қол қусырып отырмауы керек қой. Өрекет етуі керек. Тіпті жұмыс істеуге шығамын дейтін келіншегіне жекіп, ұрысып, үйінде ұстап отыратындар да бар. Осының бәрі отбасының шырқын бұзады.

— **Айтқали ақсақалдың бұл тұрғыдағы пайымы қандай екен?**

— Біздің жас кезімізде үкімет ешкімді жұмыссыз қалдырмайтын. 1972 жылы ең алғаш осы Қарсақбайда, энергетика саласында еңбекке араластым, Содан зейнеткерлікке шыққанша жұмыстан

бақтың шығынауына да әсер етеді.

Ер мен әйелдің теңдігін орнату деп жүріп қалыптасқан менталдық, ұлттық тепе-теңдікті бұздық. Солай болары белгілі де еді ғой. Осы жолға түсуімізге заман талабы, кәсіп, мамандық түрлерінің өзгеруі себеп болды. Сонымен қатар, дүниетанымы басқаша қалыптасқан, экономикалық дамуы бізден басым мемлекеттердің қысымға бергісіз үгіт-насихат әрекеттерінің де үлесі аз емес. Отбасылық реніштерде бұл құбылыстың үлесі бар. Ал, әйел затын тек әйел болып жаратылғаны үшін ғана екінші сұрыпты адам деген түсінікті өркениетті қоғамға мүлде жолатуға болмайды.

Сондай-ақ, әйел құқығын қорғаймыз деп өзгенің құқығын қолжаулық ету фактісі де көрініс беріп қалып жүр. Мысалы, отбасының шырқын бұзуға өзі себепкер кей нәзікжандылардың осы сөзді желеу етіп, онысызда өзінен забір көріп отырғандарды одан сайын тұқырта түсетіні бүгінгі күннің ащы шындығы.

— **Света ханым, Сіздің пайымыңызды тыңдасақ.**

— Бүгінгі күні әлеуметтік желілерде ақыл парасаты таяз адамдар өте көбейіп кетті. Оның ішінде ақылғой әйел, мін таққыш еркек. Бір-бірінің бетінен алып жатқан адам. Не үлкенге құрмет жасап жатқан, не кішіге ізет көрсетіп жатқан адам жоқ. Осындайды көрген кезде шынында да мен осы қоғамнан қорқамын. Максим Горький айтқан екен, «балалардың тәрбиесін үлкендерден бастау керек» деп. Шындығында да қазір мен ойлаймын ата-ананың өзін тәрбиелеу керек-ау деп. Өйткені, өзінің тәрбиесі жоқ ата-ана баласына қандай тәрбие береді. Бала айтқаныңды істемейді, бала көргенін істейді. Өйткені күнделікті өмірде бала сені қайталайды. Өзінің өмірінің жалғасы ретінде де сенің тәрбиені, сенің бұйымдағы бүкіл қасиет балаға сол ата-анадан дариды. Айтыскер ақын Төлеген Жамановтың бір сөзі есімде қалыпты. «Әкеден өмір болмай, анада қандыр болмайды» дейді. Шындығын да қазір отбасында әкеден гөрі әйел өмірі үстемірек пе деп ойлап қаламын. Сондықтан, әкенің рөлін күшейтпейінше тәрбиенің мәні өзгереді деп айта алмаймын. Мысалы, біздің өзімізде бала болдық қой. Сол кездері анамыз бізді әкемізден бұрын тамақтандырып, «әкең ұйықтап жатыр, шуламандар» деп тиып тастап отыратын. Бұл нені білдіреді. Бұл ер азаматқа деген үлкен құрметті көрсетеді. Осыны көріп өскен қыз бала өмір бойы ер азаматын сыйлап өтеді. Ал қазір әйел би болған үйді қараңызшы. Сол үйде туған, тәрбие алған қыз біреудің әкесін, өзінің азаматының қадірін біле ме. Білмейді. Ол да сол өзінің шешесі сияқты билігін жүргізгісі келеді. Міне, осыдан барып азаматының қадірін білмеу, атасының басын бағаламау, осыдан барып ажырасу сияқты келеңсіз дүниелер көбейіп тұр.

— **Керемет айттыңыз. Осыдан кейін әңгімені соза берудің өзі артық. Әйтсе де клуб қонақтарының бір-бір ауыз пайымын да біле кетейік. Айтқали аға, Сіз не дейсіз?**

— Өте орынды сөз. Ер мен әйел бір қолдың саласындай, кенесіп, келісіп отырмаған жерде тағылымды тәрбие болмайды.

— **Жанат аға сіздің ойыңыз.**

— Атам қазақ «Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық» дегенді тегін айтқан жоқ. Ер-азамат қай жерде жүрсе де ер-азамат. Оның қадірі бар жерде тәрбие де тегеурінді болады.

— **Көп жағдайда «жоқшылықтан, жетіспеушіліктен отбасының берекесі кетеді, ажырасуға осы себеп болады» деген пікірлер жиі айтылады. Қаламқас ханым бұған сіз не дейсіз?**

— Бұл сөзін жаны бар. Қазір материалдық жағдай отбасы кейкілжінінің бірінші себебіне айналды. Жоқшылықтан, тапшылықтан ұрыс-керіс жиі болып жататын сыңайлы. Олай дейтінім, мен жұмыс бабында осындай жағдайға жиі жолғамын. Жуырда біздің орталыққа бір келіншек келді. Жолдасы жұмыс істемейді. Өзінің екі баласы бар. Қазір үшінші балаға аяғы ауыр екен. Ақша жоқ, баспана жоқ. Пәтерді жалдап тұрады. Оның пәтеракысын төлейін десе ақшасы жетпейді. Соның бәрі отбасындағы жанжалға әкеліп отыр. Бізге хабарласатын келіншектердің 90 пайызын

қол үзгенім жоқ. Айтайын дегенім, ол уақытта азғана болса да тапқан таянғанымызды ортақ қазанға салып, қызығын бірге көретінбіз. Балаларды да жеткіздік. Әке-шешені де бақтық. Токсаныншы жылдардағы қиыншылықты бастан өткердік. Шияттей бала-шағаны жеткізу үшін қандай қиын жұмыстан да бас тартпадық.

Енді қара, қазіргі уақытты жоқшылық кез деп айтуға бола ма? Еңбек еткен адам ризық-несібесін мольнан теріп жүр емес пе? Заманның бар игілігі — дайын отын-су, бір тетікпен басқарылатын мөшинелер бүгінгі жастарға бұйырған екен, соның қадірін біліңдер деймін.

— **Светлана Серікбайқызы, Сіз не дейсіз?**

— Жоқшылықтан, жетіспеушіліктен ажырасып жатады деген пікір бір жақты пікір сияқты менің ойымша. Жалпы, ажырасудың бірнеше себебі бар. Солардың бірі мысалы, жастардың махаббатпен емес, есеппен бас қосуы. Көбінесе, бүгінгі жастарымыз бір-біріне жағдайы бар, машинасы, үйі қызметі бар деген сияқты материалдық жағдайына қарап қосылады да кейін екеуінің арасында сүйіспеншілік, махаббат болмағандықтан ажырасып кетіп жатады.

— **Әнуар Серікбайұлы, сіздің ойыңызша қалай, жоқшылық пен тапшылық ажырасуға себеп бола ала ма?**

— Менің ойымша, жоқшылықтан гөрі тоқшылық адамды көбірек бұза ма деймін. Бір әңгіме айтайын. Үйленген соң жатақханада тұрдық. Шағын бөлменің ортасына екі шкаф қойып екі бөлме жасап алған күні ханның сарайына кіргендей қуанғанымыз есімде. Достарымыздың көбі әлі бойдақ болғандықтан тамақ ішерде ақырындап келе бастайды. Ақыры он мен жиырманың арасындағы адам ду-ду етіп тамақтың отырамын. Кейін көпке дейін пәтер жалдап жүрдік. Жас шағымызда бірде бар, бірде жоқ, бірде аш, бірде тоқ болып жүргеніміздің өзі қызықтың көкесі болып көрінетін.

Көп нәрсе баланы, әсіресе, қызды отбасылық өмірге қалай дайындауға байланысты деп ойлаймын. Қазір ата-ана тарапынан бұл жұмыс тиісті деңгейде жүргізіліп отырған жоқ. Мықтағаны «ертең біреудің күйеуі, болмаса әйелі боласын. Сонда қайтесің?» дегеннен әріге барып жүрген жоқ. Қайтпек керек екенін айтатын ата-ана болуы керек сияқты. Міне, осы мәселені қоғамдық, тіпті болмаса мемлекеттік деңгейге жеткізу керек.

— **Дұрыс-ақ. Отбасы шырқының бұзылуы, ажырасу сияқты келеңсіз әрекеттердің болуы, жеі орын алуы жастардың отбасылық өмірге дайындығын келуіне дейсіз зой. Осы орайда мына бір мысалды айта кетейін. Статистика бойынша әр күн сайын қазақтың 150 иаңырағы құлайды екен. Бір жылда 55 жұлп ажырасады. Бұл ұлт қасіреті. Әрине, некені бұзу туралы иешім бір күнде қабылданбайтын шығар. Мұндайда арасына сызат түскен екі адамды қайта жарастыруға араайындық жасап, үлкендер жүретін еді. Жанат аға, қазір осы үрдіс сақталған ба?**

— Өте қиын сұрақ. Қазір біреуді біреу тыңдаудан қалған заман. Үлкеннің сөзін құлаққа қыстырмайды. Әрине, шытынаған шөлмекті құрсаулағандай боламыз. Бірақ, жарылған дүниенің қазір қалпына келуі екі талай. Бұрын үлкеннің сөзі заң еді. Қазір ағайын тұрмақ, өзінің баланың өзі сөзінді жүре тыңдайды. Кентте қоғамдастықтың мүшесіз, келіп ақылыңызды айтыңыз деген соң түрлі жиындарға барып, бірер ауыз сөз сөйлеп, өрекіпген жастарды сабырға шақырып, ақыл айтып оты-

рамыз. Сонда байқағаным, айтылған сөз сол айтылған жерде қалатын сияқты. Бетіңе қарап тұрып «иә» дегенмен, айнала беріп өзінің ойындағысын істейді. Ал, отбасы берекесі жайлы сенің сөзіңді тыңдамайды да. Бұл нені көрсетеді. Бұл отбасындағы тәрбиенің осалдығы. Бүгінгі әңгімеге арқау болған заң жобасы қабылданар болса, өзге түгілі өз балаңа байқап сөйлеп, аяғыңды тарта баратын боларсың. Осының бәрі тәрбиеге кері әсерін тигізеді.

— **Қаламқас, Сіздің ойыңыз қандай?**

— Шын мәнінде бізге жастарды отбасын құруға тәрбиелейтін бір мектеп қажет сияқты. Рас қазір «Аналар кеңесі», «Әжелер кеңесі» сияқты қоғамдық ұйымдар бар. Бірақ олардың жұмысы тар шеңберде, әлдебір іс-шаралар өткізген кезде ғана көрініс береді. Ал, шын мәніндегі от ағасын, от анасын тәрбиелейтін үлкен бір институт керек-ақ. Әрине, бұл бағытта отбасынан үлкен мектеп жоқ.

Екінші бір мәселе. Отбасы шырқының бұзылуына көбіне ата-аналар, өздері себепкер болып жатады. Қит етсе үйіне келген баланы қайтарып жіберудің орнына «ішіме сиған бала сыртыма да сияды» деп бауырына тартып, құдалар жағынан кінә іздеп отыратынымыз да рас. Жастар осыған сүйеніп, қайтып келуге қаймықпайды. Мысалы, менің тұрмысқа шыққаным 31 жыл болды. Бізге айтатын, тұрмысқа шықтың ба, енді сүйегің де сол үйдің босағасынан шықсын дейтін. Мұның астарында қайтып келуші болма деген сөз жатыр ғой.

— **Светлана, сіздің алып қосарыңыз бар ма?**

— Расында да біздің кейбір қыз балаларды келешек отбасы иесі, келін ретінде тәрбиелеу қазіргі кейбір ата аналарымыздың назарынан тыс қалып жатады. Қыз баланы жат жұрттық деп тәрбиелеп, санасына сіңіріп, үйретіп, ертең келін болғанда атқаратын кез келген қызметін анасы ертең барған үйінде осыны жасайсың деген сияқты тәлім-тәрбиемен үйретсе, ол қыз бала әрине барған жерінің тәрбиесін, отбасылық заңдылықтарын жалғастырып кетер еді.

Тағы бір мәселе, құда-құдағилардың арасындағы қарым-қатынас та отбасының шырқын бұзуға ықпал етеді. Аста төк той жасау тағысын тағылар да теріс ықпал етеді.

ДАҒДАРЫС ОРТАЛЫҒЫ ҚАЖЕТ ПЕ?

Қазір жер-жерлерде дағдарыс орталықтары ашылып, жұмыс істей бастады. Бұл орталықтар отбасы институтын нығайтуға қаншалықты ықпал ете алады деп ойлайсыздар? Бүгінгі отырысымызды осы сауалмен түйіндесек. Осы бағытта мен сөз кезегін Жезказған қалалық психологиялық қолдау орталығының басшысы Кәмеш Абжамеловаға бергім келіп отыр.

— **Кәмеш Шакарманқызы, әңгімеңізді өзіңіз жетекшілік ететін жұмыстың жай-жапсарынан бастасаңыз.**

— Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 жылғы 269 наурызда №165 бұйрығымен бекітілген. Осы стандарттар арасында тұрмыстық зорлыққа ұшыраған жәбірленуші Жезказған қаласы әлеуметтік психологиялық қолдау орталығына 6 ай мерзіміме орналастырылады.

Орталықта оналту іс-шараларын, емдеу-еңбек және білім беру қызметтерін, мәдени және тұрмыстық қызметтер көрсетуді ұйымдастыру үшін ұсынылатын орынжайлар көлемі, орналасуы мен конфигурациясы бойынша көрсетілетін қызметтерді алушылардың ерекшелігін ескере отырып, жоғарыда аталған барлық іс-шараларды стандартқа сай өткізуді қамтамасыз етеді

Орталық қажетті жиһаздармен жабдықталған 5 жатын бөлме, асхана, ойын, демалыс бөлмесі, 3 санитарлық бөлме (жуыну, күн жуу), медбике, психолог бөлмелері, қызмет алушыларға арналған тігін цехы жұмыс істейді. Жоғарғы білімді, тәжірибелі заңгер қызмет көрсетеді. Жыл басынан бері орталыққа 46 адам орналастырылып, қызмет көрсетілді.

— **Қаламқас Кәдірбайқызы, қалай ойлайсыз, осы дағдарыс орталығы бізге қажет пе?**

— Сөзімің басында айтып өткенімдей, мен де тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген ана мен балаға психологиялық қолдау көрсететін орталықтың басшысымын. Солай бола тұра мен бізде мұндай орталықтардың болғанына қарсымын. Әрине, отбасында қысым көріп, баратын жері қалмаған жандарға көмек қолын созу ол қоғамның міндеті. Әйтсе де әйелдердің балаларын жетелеп мұндай қазына үйлерінің босағасын жағалап жүргені жақсы емес. Бұл біздің ұлттық құндылықтарымызға жат. Екіншіден, өз үйі, өлең төсегінен безіп, баланы жат босағада тәрбиелеу баланың психологиясына кері әсерін тигізеді. Рас, орталықта барлық жағдай жасалына. Бірақ, ол жер балаға өз үйіндей, өз бауырларындай әсер ете амайды.

ТҮЙІН

Отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Ол — адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы — адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшті өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені, ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алмақ емес.

ЖЕЗДІ КЕНІШІНЕ – 80 ЖЫЛ

25 сәуір 1942 жыл. Екінші дүниежүзілік соғыстың өте ауыр кезеңінде КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитеті біздің өлкелік индустриялық тарихына қатысты құжатқа қол қойған күн.

Жезді кен ошағын игеруді өте жел колға алудың себебі тарихтан белгілі. Таркатып айтсақ, қорғаныс пен әскери мақсаттарға марганецтің 91,6 пайызын беріп отырған Кеңес елінің бағысындағы Никополь кенішін жау басып алып, Циатурадан марганец кенін таситын жолды толық кесіп тастады. 1942 жылы наурыз-

да сапалы марганецтің жоқтығынан Магнитогорск комбинатында сапалы прокат шығарудың тоқтап қалу қаупі төнді. Осы мерзімде Қ.Сәтбаев бастаған геологтар ұжымы орасан тәуекелге барып, Жезді өзенінің аңғарында майдан қажетіне жарайтын марганец қоры бар екенін мәлімдеді. Жезқазған барлау экспедициясы Жезді мен Найзатастан 30 ұнғыма бұрғылап, барлау болжамдарын бекітуге ұсынды. 1942 жылы наурызда ҚазКСР Үкіметі Одақтық Үкіметке Жезді марганец кенін өндіруді кеніш құрылысымен қатар жүргізу жөнінде ұсыныс жолдады. 1942 жылы 25 сәуірде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің белгілі №88 Қаулысы шықты. Жездінің аңғары қайнаған

тірішілік, нағыз еңбек майданына айналды. Қазақтың ұсақ жоталары қоршаған, сан ғасыр үнсіз жатқан өзен аңғары араның ұясындай қарбаласқа тап болы. Еңбек майданына жергілікті тұрғындар біркісідей жұмылды. Ешкімнің бас тартуға қақысы жоқ: таң қараңғылығынан күн батқанға дейін, сүлдері құрып құлағанша тас тиеуге, қарьерді бос жыныстан аршуға тұрды; ұйқыға – төрт сағаттай, ас ішуге – жарым сағаттай; өзге уақыттың бәрі Жезді аңғарында өтуге тиіс. Маусымның басында «Москва», «Кривый Рог», «Линекс», т. б. деп аталатын киіз үй қалашықтары пайда болды. Жездіге қорабына «Майдан үшін!» деген тақтайша бекітілген 200 ГАЗ-АА жүк көліктері жеткізілді. Жездінің 10-телімінде жарылыс жасалып, кен кесектерін жи-

АЛҒАШҚЫ БҰЙРЫҚ





1 науға өндіріс мамандары, жұмыскерлермен қатар қарттар, әйелдер, тіпті балалар біркісідей жұмылды. 1942 жылдың 12 маусымында Жезқазған

станциясынан Жездінің марганец кентасы тиелген эшелон Орал мен Сібір заводтарына жол тартты. Магнитогорск заводында жоғары сортты прокат өндірісі үш есеге артты. Жезді кен орнының арқасында шығыс аудандардың марганец өндірудегі үлесі 8,4 пайыздан 84,6 пайызға өсті. Оның 70,9 пайызын бір ғана Жезді қамтамасыз етті. Бұл – соғыс жағдайында ірі шайқастардағы жеңіспен пара-пар ерлік еді.

Ізбасар ОЙБАС.

Суреттерде:

- 1. Жездінің алғашқы құрылысшылары.
2. Алғашқы бұйрық.
3. Найзатас кен орны.
4. Кен тасымалдау.



31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Қазақ елінің тарихындағы қаралы парақтардың ең бір елеулісі 1937 жылдың зобалаңы екені сөзсіз. Тек қана Жезқазған өңірінен бірнеше мыңдаған азамат өктем империяның солақай саясатының құрбаны болғанын оқып жүрміз. Сол бір зұлмат жылдардың көлеңкелі көріністерін көңіл елегінен тағы бір өткізе отырып, архив құжаттары мен тірі куәгердің айтуы негізінде Жезді өңіріндегі көзі ашық белсенді азамат Есентоғай ӘЙТІМБЕТОВТЫҢ атылу деректерін оқырмандарға жеткізуді жөн көрдім.

№ 7210-шы ІС немесе ЕСЕНТОҒАЙ БЕЛСЕНДІНІҢ АТЫЛУ ДЕРЕКТЕРІ

Есентоғай 1900 жылы Жезді және Нарсай өзендерінің құйылысындағы Көкбулак атты жерде дүниеге келген. Әкесі Әйтімбет кезінде замандастарының алды болған, ел ішінде Қызыл әжі (қажы) атанған. Жылкелді ұрпақтарының ішінен қажылыққа барған екеудің бірі, дәулетті, елге сыйлы адам болған. Әйтімбет қажының адамгершілік, қайырымдылық істері туралы көнекөз қариялар осы күнге дейін айтып отырады. Есентоғай 21 жасқа келгенде әкесі қайтыс болып, қажыдан қалған бес ұлдың еті тірісі сол болғандықтан болар, бар ауыртыпалық соған түседі. Қазақ даласына өктемдігін енді ғана жүргізе бастаған кеңестік дәуірдің ауылға әкелген әрбір жаңалығына Есентоғай да белсене араласып отырған. Қазақстанда жаппай коллективтендіру басталған кезде қазіргі Жезді қалашығының орнында құрылған «Союзкошсы» мойынсерігінің (әтелінің) ең алғашқы ұйымдастырушысы және басшысы болған. Саясаттың бағытына мойынсұнған Есентоғай мойынсерікке ең алғаш өз туыстарын кіргізген. Кейбіреулердің қарсылығына қарамастан жекелі малдың барлығын орталықтың меншігіне жинап алған. Көзкөргендердің айтуынша Есентоғай көптің пікірімен санасатын, адамгершілігі мол, әділеттілікті жақтайтын, шындықты бетке айтатын басшы болған. Оған мына бір оқиға дәлел бола алады.

Қашаннан егі тірі Есентоғай елге келген соң ауыл өміріне қайтадан қызу араласқан. Келген күні Молотов атындағы жер өңдеу жолдастығының (ТОЗ – товарищество по обработке земли) өз мүшелеріне істеген еңбегіне қарай үлес бөлу жиналысына қатысып, жиналыс үстінде үлес бөлудегі басшылардың әділетсіздігін бетке айтып сынаған, жесір, қамқоршысы жоқ бір әйелге үлес бөлінбегенін қорғап айтқан. Ащы шындықты есту қай басшыға оңай тисін, міне, сол күннен бастап Есентоғай басшылардың қырына іліккен. Өздерінен ой-өрісі де, біліктілігі де, шешендігі де көш артық бұрынғы басшы Есентоғай қызметімізді тартып алады деп қорыққан ауыл басшылары оған жала жабудың әр түрлі әдіс айлаарын іздестірген. «Құланның қасуына, мылтықтың басуы» тура келіп, елде жаппай 1937 жылдың қаралау науқаны басталған. Қазақтың қанға сіңген қасиеті – қызмет құмарлығы бойларын билеген ауылдың екі басшысы (жолдастықтың төрағасы мен ауылдық кеңес төрағасы) тағы да екі сыйбайласын куә етіп, Есентоғайды қаралап, аудан орталығы Қарсақбайға арыз жазған. Қылышынан қан тамған НКВД көктен іздеген жерден табылып, арызды тексеруге шұғыл кіріскен. Сол жылдардағы репрессия науқанының қандай дәрежеде өткенін облыстық Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде сақталған № 7210 істің материалдарымен таныса отырып-ақ байқауға болады.

Ен бастысы, іс құжаттары асығыс түрде, сауатсыз, іс жүргізудің процессуалдық талаптарын бұза отырып жасалған. Бұған, сірә, жоғары жақтан тез арада бөлен адам тауып, соттау керек деген нұсқау әсер етсе керек. № 7210 іс архив құжаттары бойынша 24 қарашада басталып, сол күні аяқталған. Ал бұл істің бір күнде тергеліп, айыпталып сотталуы мүмкін емес екендігін заңнан хабарсыз адамның өзі де біледі. Тергеу протоколдары 24 қарашадан, айыптау қорытындысы одан бұрын, 20 қарашадан толтырылған. Жығылғанға жудырық дегендей ауылдық Кеңес 25 қазанда берген анықтамасында 1928 жылы Есентоғай бай ретінде мал-мүлкі конфисқеленген деген жалған мәлімет берген. Шындығына келгенде, Әйтімбет қажы да, оның балалары да конфисқеге ілекпеген. Мұның бәрі әйтеуір Есентоғайдың қарасын тезірек батыру керек болғандықтан істелген сияқты. Құжаттар бойынша тұтқындалу ордері 24 қарашада берілген. Ал сол оқиғалардың тірі куәгері, қарындасы Сақып Молдабергенованың айтуынша, Есентоғайды қыркүйек айында-ақ тұтқындаған. Қарсақбайдан орыс милиционер келіп, алғаш ауылдық кеңесте (қазіргі Жезді қалашығындағы дестанция мекемесінің үйі) жауап алған. Содан кейін жаяу айдап алып кеткен. Туған-туысқандары Есентоғайды сол кеткеннен көрмеген.

циясының ғылыми-зерттеу институтының директоры.

Нәубет құрбаны Есентоғай атын мәңгілікке қалдыру мақсатында 1997 жылы Жезді кентінің бір көшесіне Есентоғай есімі берілді. Осында жыл сайын мамыр айының соңында еске алу шаралары өткізіліп тұрады.

Жоғарыда баяндалған істегі кейбір адамдарды соншалықты тәптіштеп жазғандары мақсатымыз – оқырмандардың көз алдына сол кездегі жазалау машинасының қалай жұмыс істегенін көрсету, жазықсыз жандардың солақай саясаттың құрбаны болғанына көз жеткізу. Тағы бір айта кетерлік жәйт, осындай жазықсыз жазғыруларға өз қандастарымыздың да белсене атсалысқаны. Есентоғайды да қаралап, арыз жазушылардың төртеуі де қазақ, өз ауылдастары, кейбіреуі өз жамағайыны. Тергеушіге берген жауаптары да бірдей, төртеуі де «Көсемдердің суретін неге басасыз?» дегенімізде, Есентоғай: «Ленин деген кім ол, құдай ма еді?» деп жауап берді деп айыптаған. Біреуді мақтағанда айды аспанға шығарып, ал қаралағанда енді тұрмастай етіп су түбіне жіберетін қайран қазақи мінез-ай. Осыдан кейін желтоқсан оқиғасынан соң үлкен трибунада тұрып айтқан марқұм ақын Жұбан Молдағалиевтің «қазақтың жауы – қазақ» деген мағынасы астарлы сөзін енді ғана түсінгендей боласын. 1937-1938 жылдардағы репрессияны көбіне-көп Сталиннің атымен байланыстырады. Ал нақтылап келгенде осы оқиғадағы сияқты, барлығына да кінәлі заңды орындаушылар, жергілікті жердегі ішкі әл десе бас алушылар, қызыл қырғанның диірменіне түскен тағдырлар жалғыз Есентоғаймен бітпейді. Осы Жезді төңірегінде Жылгелді руынан Арыстанбек молда Маубасов ату жазасына кесіліп, Ысқақ Досмағанбетов, Зия Мінжанов, Әбдіхамит Мырзабеков итжеккенге айдалған. Ақын Зия Мінжановтың Қолымадан жақтан өлеңдері кейінгі жылдары аудандық «Октябрь туы» газетінде жиі жарияланып жүрді. Өкініштісі, Зия ақынның төтенше араб қаріпімен жазылған мыңға жуық өлеңдері қириллицаға аудару мүмкіндігі болмағандықтан қолжазба күйінде сақталып тұр.

1932-1933 жылдардағы аштық Жезді өңірін де шарпып өтті. Елдің көпшілігі өндірісі бар Қарсақбайды сағалады, бірақтар ауылдар оңтүстікке үдере көшті. Міне, осы кезде үкіметтің «аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» деген зілді нұсқауына қарамастан, Есентоғай белсенді ортақ малды ашыққан мойынсерік мүшелеріне таратып берген. Малы қолына тиген халық аштық тырнағынан құтылып, қыстан аман-есен шыққан. Дегенмен ұлы Абай жазғандай, «тамағын жеп, табағын теп» деген пиялздағы кейбіреулер аштықтан құтылып, әлденіп алған соң, Есентоғай белсендінің ортақ малды ашыққандарға бөліп бергенін көрсетіп жазып, істі қылған. Істі қараған облыстық соттың көшпелі сессиясы 10 жылға бас бостандығынан айырған. Осы жолы Есентоғаймен бірге жақын туысқаны Адырбайұлы Мәкібай да сотталған. Екеуі Москва облысындағы Ақ теңіз – Волга каналының құрылысында жұмыс істеген. 1935 жылы Қазақстандағы саяси ахуал жақсарып, үкімет басына Л. Мирзоян келгеннен кейін, бұрынғы басшысы Ф. Голощекиннің «Кіші Октябрь» саясаты теріске шығарылып, соған байланысты сотталғандардың ісі қайта қаралған. Жазықсыз жапа шеккен Есентоғай осы ақтауларға ілігіп, үш жылдан соң, яғни 1936 жылы тамыз айында Дмитриевск деген жерден босап, елге қайтып келген.

Ен бастысы, іс құжаттары асығыс түрде, сауатсыз, іс жүргізудің процессуалдық талаптарын бұза отырып жасалған. Бұған, сірә, жоғары жақтан тез арада бөлен адам тауып, соттау керек деген нұсқау әсер етсе керек. № 7210 іс архив құжаттары бойынша 24 қарашада басталып, сол күні аяқталған. Ал бұл істің бір күнде тергеліп, айыпталып сотталуы мүмкін емес екендігін заңнан хабарсыз адамның өзі де біледі. Тергеу протоколдары 24 қарашадан, айыптау қорытындысы одан бұрын, 20 қарашадан толтырылған. Жығылғанға жудырық дегендей ауылдық Кеңес 25 қазанда берген анықтамасында 1928 жылы Есентоғай бай ретінде мал-мүлкі конфисқеленген деген жалған мәлімет берген. Шындығына келгенде, Әйтімбет қажы да, оның балалары да конфисқеге ілекпеген. Мұның бәрі әйтеуір Есентоғайдың қарасын тезірек батыру керек болғандықтан істелген сияқты. Құжаттар бойынша тұтқындалу ордері 24 қарашада берілген. Ал сол оқиғалардың тірі куәгері, қарындасы Сақып Молдабергенованың айтуынша, Есентоғайды қыркүйек айында-ақ тұтқындаған. Қарсақбайдан орыс милиционер келіп, алғаш ауылдық кеңесте (қазіргі Жезді қалашығындағы дестанция мекемесінің үйі) жауап алған. Содан кейін жаяу айдап алып кеткен. Туған-туысқандары Есентоғайды сол кеткеннен көрмеген.

ке малдан келген Есентоғай үйде от жағылмағанын, ыстық астың дайын емес екенін көріп, әйеліне ренжиді, отбасылық кикілжің туады. Осы ұрыс-керісте ликбезде оқып жүрген әйелінің әліппе кітабы аяқ астында қалады. Әліппенің мақабасында Ленин мен Сталиннің суреттері болса керек. Осы оқиғаны мектептен қайтып келе жатқан екі оқушы (оқушы деген аттары болмаса, 18-20-дағы соқталдай жігіттер) көріп, ауыл басшыларына «Осылай да осылай, Есентоғай көсемдердің суретін басып жүр» деп айтып барса керек. Сотталатын адамның жоспарын орындай алмай отырған және бұрыннан өші бар ауыл басшылары жаңағы екеуді куә етіп, аудан орталығы Қарсақбайға арыз жазып жіберген. Оқиғаның одан әрі қалай өрбітіні бесенеден белгілі.

Мұнан сексен бес жыл бұрын өткен оқиғаларды көңіл елегінен өткізе отырып, қазіргі кезде, әсіресе еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін өз қандастарымыздың бойындағы келеңсіз қасиеттер қайтадан көрініс беріп, бой көрсетіп қалып жүргенін жасыра алмаймыз. Көрәалмаушылық, қызмет-құмарлық, мансапқорлық пен әсербақандық сияқты ұсақ тоғышарлық қасиеттер қазақтың ұлттық менталитетіне айналмаса екен деп тілейміз. Көзі қарақты, ойы ұшқыр оқырманның да қазіргі кездегі еліміздегі қириллицаға аудару мүмкіндігі болмағандықтан қолжазба күйінде сақталып тұр.

Файзолла ӘЖІБЕК.

Жезді кенті

Есентоғай белсендіні қаралауға негіз болған оқиға былайша өрбіген. 12 қыркүйек күні кеш-

Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде 18 мамыр – Халықаралық музейлер мерекесіне орай музей қорын құнды әрі сирек кездесетін экспонаттармен толықтыру мақсатында дәстүрлі «Тарихта өз атыңды қалдыр» атты акцияның қорытынды іс-шарасы өтті.

«ТАРИХТА ӨЗ АТЫҢДЫ ҚАЛДЫР»



Акция қантар мен мамыр айларының аралығын қамтыса, сол уақытта 100-ге тарта экспонаттар жинақталып іріктелді. Ұлытау, Жезқазған өңірінің тұрғындары музей қорын толықтыру мақсатында құнды және сирек кездесетін экспонаттар тапсырған. Олардың қатарында этнографиялық, 70-80 жылдардағы тұрмыстық экспонаттар, тарихи-мәдени құндылығы жағынан маңызды бар құжаттар мен кітаптар бар.

Ұлытау өңірінің тумасы, Еңбек ардагері, Ұлытау ауданының құрметті азаматы Жолдыбай Асылбаевтың милиция формасын, медальдар мен куәліктерін, құжат салатын папкасын, фотосуреттері мен отбасылық жеке альбомын музей қорына өткізді.

Аққуше Ибраева тұрмыстық қажеттілікке қолданатын ағаш табақты, жезден жасалған легенді, және де темірден жасалған балға өткізген болатын.

Астана қаласының тұрғыны Амангелді Айдаров 1970-1980 жылдардағы хрусталь құмырасы мен конфет салғыш, телефон өткізді.

Сонымен қатар техника ғылымдарының кандидаты, ЖезУ профессоры, жаратылыстану ғылымы бойынша Ғылым академиясының академигі Сейтбек Асановтың көзі тірісінде киген мантиясы және куәлік дипломдары Астана қаласының тұрғыны, ұлы Абзал Сейтбекұлы музей қорына табыстады.

Музей ардагері, «Еңбек ардагері» төсбелгісінің иегері Шолпан Төлегенқызы музей кітапханасын бірнеше кітаптармен толықтырған-ды.

Музей қорын құнды экспонаттармен толықтырған қатысушыларға акцияға демеушілік еткен Халық Банкінің, бөлшек бизнес орталығының басшылығы лебізін білдірді. Сонымен қатар музей басшысы Раушан Қапарова қатысушыларды марапаттап, алғыс хаттарын табыстады.

Іс-шара соңында қатысушыларға экспонаттармен жақынырақ танысу мақсатында экскурсия жүргізілді.

Өз тілшіміз.

Атап айтсақ, ұлы академик Ұлытау өңірінің тумасы, ғалым Төрегелді Шармановтың жеке қорынан алынған ақ-қара түсті фотосуреттер, авторлық кітаптары музей қорына сыйға тартылды. Сонымен қатар Базарбай Рахымжановтың жеке заттары мен құжаттары және фотосуреттері өткізілді. Жезқазған тұрғыны І дөрежелі дәрігер Төрегелді Шармановтың туысы Ғайни Базарбаева өзінің жеке қорынан фотосуреттер, сувенирлер мен кітаптар, медальдарының куәліктерін өткізді. Музейдің кітапхана қоры үш жеке адамның комплексімен толықты.

Сондай-ақ, акция барысында әнші, сазгер, ҚР еңбегі сіңірген мәдениет қызметкері, «Қаракөз» вокалды-аспапты ансамблін ұйымдастырушы жерлесіміз Ж. Сейіловтың сырнайы мен дипломаты музей қорына табысталған болатын.

Және де Жезқазған қаласының тұрғыны Кенжекей Төлегенова жолдасы,

Ұлытау ауданының тұрғыны, тарихшы, археолог Бақтияр Қожахметов 1970-1980 жылдарда тұрмыстық қажеттілікке пайдаланылған экспонаттар өткізді. Айта кететін болсақ, сағат, қол ара, шымшуыр, қолсап, орыс пешінің көсеуі, есік тұтқасы, сүргі, ағаш қасық және де тоқыма майлықтар.

Жезқазған қаласының тұрғыны, ақын

БРИФИНГ



Жезқазған қаласы Төтенше жағдайлар басқармасында суға шомылу маусымы ашылуының жақындауына байланысты БАҚ өкілдерімен судағы қайғылы жағдайдың және өрт қауіпсіздігінің алдын алуға арналған брифинг өтті.

ҚАПЕРСІЗДІК ҚАН ҚАҚСАТАДЫ

Іс-шараға БАҚ өкілдерімен қатар Жезқазған қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының міндетін атқарушы Дидар Құйқабас пен азаматтық қорғаныс бөлімінің бастығы Дулат Асанов қатысты. Алдымен сөз алған Дидар Нұрғұланұлы өрт қауіпсіздігіне байланысты атқарылып жатқан шараларға тоқталып өтті.

Іс-шараға БАҚ өкілдерімен қатар Жезқазған қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының міндетін атқарушы Дидар Құйқабас пен азаматтық қорғаныс бөлімінің бастығы Дулат Асанов қатысты. Алдымен сөз алған Дидар Нұрғұланұлы өрт қауіпсіздігіне байланысты атқарылып жатқан шараларға тоқталып өтті.

Халыққа жай ғана қарапайым болып көрінетін қағидаларды сақтамаудың салдары өрттің шығуы мен қайғылы жағдайларға әкелетіні қанша рет ескертілсе де адамдардың бей-жай қарайтыны өкінішті. Қала сыртындағы өртті ауыздықтау мемлекеттік өрт сөндіру бөлімінде қарастырылмағандықтан ауылдық оқу терде ерікті өрт сөндіруші командалары құрылады. Биыл құрамында 27 ерікті мүшесі бар 5 өрт сөндіру командасы құрылды. Олар 4 техника бірлігімен жабдықталған. Статистикаға сүйенсек, 2021 жылы 8 дала өрті тіркелсе, биылғы жылы ондай оқиға жоқ. Дегенмен, жаз алда. Сондай-ақ, саяжай маусымы басталғандықтан саяжайдағы өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп отырып, мобильдік топтар түсін-

дірме жұмыстарын жүргізуде. Арасында қауіпсіздікті сақтамай айыппұл аркалагандары аз емес. Айыппұл көлемі 10 айлық есептік көрсеткішті құрайды, – деген Дидар Құйқабас сөз соңында қауіпсіздік ережесін қатаң сақтауды халыққа тағы бір ескертіп өтті.

Бұдан кейін азаматтық қорғаныс бөлімінің бастығы Дулат Асанов судағы қауіпсіздік пен оның алдын алу шараларына тоқталып өтті. Сүреңсіз статистикадан мәлімет беріп, суға кету фактілеріне көбіне ішімдік ішкендер мен рұқсат етілмеген жерде және түнгі мезгілде шомылғандар, ата-ананың қарауынсыз қалған балалар себепкер болатынын жеткізді. Айта кетсек, облыс бойынша соңғы бес жылда 147 адам суға кеткен, оның 19-ы бала болса, республика бойынша осы бес жылда 605 баланы тілсіз жау жалмаған.

Мамандардың айтуынша өрттің шығуы мен суға кету жағдайына көбіне балалар себепкер болады екен. Сондықтан ата-аналарға балаларын қараусыз қалдырмай, орны толмас өкініштің алдын алса екен деген тілек бізде де бар.

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ.

Суретті түсірген автор.

ДАЛА ӨРТІН БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

Өрт – бақылаусыз жану, материалдық залал, азаматтардың өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіру. Дала өрттері ашық жерлерде шөп құрғаған кезде пайда болады. Олар табиғатта маусымдық сипатқа ие, жазда көбірек, көктемде аз кездеседі және қыста іс жүзінде болмайды. Ең қауіпті өрт көктемнің аяғында және жаздың басында, ауа райы құрғақ және ыстық болған кезде болады. Олардың таралу жылдамдығы сағатына 20-30 шақырымға жетуі мүмкін. Даладағы және егін массивтеріндегі өрттің себептері: найзағай, құрлықтағы және әуе қолігінің, егін жинау техникасының апаттары, террористік актілер және қараусыз қалған ашық от.

Құрғақ мезгілде және далада отты пайдалану кезінде ерекше сақ болу керек:

- Далада тақыр жерлерде от жағу тиімді;
- От жағуға арналған орын құрғақ шөптерден, жапырақтардан, бұтақтардан және басқа да орман қоқыстарынан тазартылуы керек;
- отты қараусыз қалдырмаңыз;
- өрттің өшірілгеніне көз жеткізбестен, ол орынды тастап кетпеңіз;
- егер кішігірім өрт туындаса, оларды дереу сөндіру керек: су құйып, құммен, брезентпен жауып, дымқыл шүберекпен немесе бұтақтармен сөндіріңіз.

Өрттің қауіпті кезеңінде далада тыйым салынады:

- жанып тұрған сіріңкелерді, темекі шоқтарын лақтыруға;
- далада майлы немесе бензинмен, керосинмен және басқа да жанғыш заттармен қаныққан материалдарды тастауға (арнайы белгіленген жерлерден басқа);
- жұмыс істейтін ішкі жану қозғалтқыштарының резервуарларын толтыру, электр жүйесіндегі ақаулығы бар техникасын жұмыс істеуге шығару, сонымен қатар жанар-жағармай құйылып жатқан көліктердің жанында ашық от қолдану;
- бөтелкелерді немесе әйнек бөліктерін қалдыруға;
- Егін алқаптарында шөптер мен сабандарды жағуға;
- От жағу.

Дала өрті жағдайында халықтың әрекеттері:

- Түгіннің көру аймағы 10 м-ден аз болған кезде оған кіруге тыйым салынады, өйткені бұл қауіпті. Өрт болған жерде түнде демалатын жер ұйымдастыруға тыйым салынады. Демалу және түнде демалу орындары өрттің локализацияланған бөлігінен 400 м қашықтықта орналасуы керек және ені кемінде 2 м минералданған жолақпен қоршалған болуы керек.

Өрттің алдынан ауылға немесе жеке үйлерге жақындау қауіпі бар болса, ғимараттардың өртенуіне жол бермеу үшін шаралар қабылдау қажет. Ол үшін ағаштар мен бұталардың кесілуіне байланысты орман мен ғимарат шекаралары арасындағы өрт алшақтықтары артып, ауылдар мен жеке ғимараттардың айналасында кең минералданған жолақтар ұйымдастырылып, су мен құм қорын көбейту керек.

Өрт ошағындағы ережелер:

- айналасында жапырақтардан, шөптерден және бұтақтардан үлкенірек аумақты тазарту қажет;
- өрттен кету үшін желге қарсы бағытта жүру керек, оттың артқы жағына өту үшін оны бүйір жағынан айналып өту керек;
- жанғыш жабдықтардан құтылыңыз, егер мүмкін болса, киімдегі кепкен жерлерді сулап отыру керек;
- бетті дымқыл мақта-маталы орамалмен немесе сүлгімен жабыңыз, барлық еріткіш киімдерді шешіп тастаңыз;
- өрт туралы 101,112 телефон арқылы хабарлау керек.

Сондай-ақ, Жезқазған қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы қала тұрғындарымен қонақтарына ескертуді, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 438-бабына сәйкес, бұзақылық ниетпен арнайы қызметтерді көрінеу жалған шақыру әкімшілік жауапкершілікпен жазаланады. «101», «112» мемлекеттік өртке қарсы қызметтің телефондарына адам өміріне қатер төнген кезде, өрт пайда болуы немесе өртену қаупі болған кезде ғана қоңырау шалу керектігін еске салады.

Руслан ШАЙХИН,
Жезқазған қаласы ТЖБ МӨББ аға инженері, азаматтық қорғау капитаны.

Суару маусымы 20.05.2022 ж. бастап кестеге сәйкес басталады

Сорғы станциялары	Суару учаскесі	Жұмыс күндері	Жұмыс уақыты
Профилактика		Дүйсенбі	
Жылы судың сорғы станциясы №2	Қала, Баудан, Бөгенбай батыр шағын ауданы	Сәрсенбі Сенбі Жексенбі	10:00 - 22:00 10:00 - 22:00 10:00 - 22:00
Қостанкелді арқалығының сорғы станциясы (Қала)	Жағалау аймағы	Сейсенбі Бейсенбі	09:00 - 14:00 09:00 - 14:00
Қостанкелді арқалығының сорғы станциясы	Бекболатсай, Қостанкелді шағын аудандары	Сейсенбі Сенбі Жексенбі	09:00 - 22:00 09:00 - 22:00 09:00 - 22:00
Қостанкелді арқалығының сорғы станциясы	Қабанбай батыр шағын ауданы	Сәрсенбі Жұма Жексенбі	09:00 - 19:00 09:00 - 19:00 09:00 - 19:00

Запуск полива будет производиться с 20.05.2022 года согласно графика

Насосные станции	Участок полива	Дни работы	Часы работы
Профилактика		Понедельник	
Насосная станция теплой воды №2	Город, 5 район, пос. Бөгенбай батыра	Среда Суббота Воскресенье	10:00 - 22:00 10:00 - 22:00 10:00 - 22:00
Насосная станция Балка Костен Гол Сай (Город)	Прибрежная зона	Вторник Четверг	09:00 - 14:00 09:00 - 14:00
Насосная станция Балка Костен Гол Сай	пос. Бекболатсай, Қостанкелді	Вторник Суббота Воскресенье	09:00 - 22:00 09:00 - 22:00 09:00 - 22:00
Насосная станция Балка Костен Гол Сай	пос.Кабанбай батыра.	Среда Пятница Воскресенье	09:00 - 19:00 09:00 - 19:00 09:00 - 19:00

АҚПАРАТ АРНАСЫ

Қазақстанда Батырхан ШҮКЕНОВТІҢ құрметіне коллекциялық монеталар шығарылады

18 мамырда Қазақстан Ұлттық банкі Street art. BATYR BEINESI коллекциялық монеталарын айналымға шығарады, – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.

Монеталардың сатылымға шығатын күніне қатысты қосымша ақпарат ҚҰБ-тың ресми сайтында жарияланатыны хабарланды. 18 мамырда дарынды композитор және әнші Батырхан Шүкеновтің туғанына 60 жыл толады. Номиналы 500 теңгелік күмістен жасалған Street art. BATYR BEINESI коллекциялық монеталары «Қазақстанды монеталар арқылы таны» атты жаңа серияны ашады. Монетаның дизайнында Қазақстан стрит-артының ең жарқын жұмыстарының бірі – REPAS командасының «Батыр бейнесі» граффиті бейнеленген. Авторлардың бастамасы бойынша оны монетаның дизайнында пайдалану құқығы ҚҰБ-қа өтеусіз негізде берілді.

Монеталар proof сапамен күмістен жасалған, сынамасы – 925/1000, салмағы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 миллиметр, номиналы – 500 теңгелік, таралымы – 5000 дана. Коллекциялық монеталар нақты құнына сай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының банк шоттарында аударуға, ұсақтауға және айырбастауға жатады. Күмістен жасалған монеталар кәдесый орамында мемлекеттік тілде, орыс және ағылшын тілдерінде ҚҰБ-тың нөмірлік сапа сертификатымен шығарылады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалған.

АҚШ-та қонақүй мейрамханасында 1912 доллар тұратын салат мәзірге енді

Лос-Анджелесте бес жылдығы «Бeverly-Hillz» қонақүйіндегі Polo Lounge мейрамханасы өз мәзіріне McCarthy Salad деп аталатын арнайы салат түрін енгізді, оның бағасы – 1912 доллар (832160 теңге), – деп хабарлайды Independent.

Басылым мәліметінше, тағамның атауы поло спортынан америкалық команданың капитаны және 1940 жылдары мейрамхананың тұрақты қонағы Нил Маккартидің есімімен берілген. Әдетте салат құрамында екі түрлі көкөніс шөп, отқа қатқалған тауық еті, қызылша, жұмыртқа және авокадо болады, осының барлығын дижон қышасымен араластырады. Негізінде оның бағасы 44 доллар (18 920 теңге) болатын.

Осы бір танымал тағамның жаңа нұсқасы қонақүйдің 110 жылдығына байланысты айтарлықтай өзгерген. Люкс санатындағы салатты омар (ірі теңіз шаяны), уылдырық және алтын қауызбен бездендірілген. Оны ақ кнім киген даяшы француздық Bernardaud фарфор үйі әзірлеген тостағанда әкеліп береді және салатпен бірге Dom Pérignon шампаны қатар жүреді.

Осы салаттан түскен қаражаттың бір бөлігі LA Conservancy қайырымдылық ұйымына аударылатыны айтылады. Бұл ұйым Лос-Анджелестегі тарихи ескерткіштерді сақтау жұмыстарымен айналысады.

Қазақстандықтар интернет арқылы көбіне қандай тауар сатып алатыны анықталды

Биыл бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша, қазақстандықтар 19,1 триллион теңгеге қолма-қол ақшасыз есеп айырысқан. Бұл бытырмен салыстырғанда бір жарым есе көп, – деп хабарлайды Ranking.kz.

Портал мәліметінше, қазақстандықтар 2019 жылмен салыстырғанда биыл бір тоқсанның өзінде 43 пайызға артық қолма-қол ақшасыз есеп айырысқан.

Айта кетейік, интернет және ұялы телефон арқылы жүргізілген онлайн-төлемдердегі қолма-қол ақшасыз төлеу 84,2 пайызға жеткен.

«Tengrinews» сайтынан.

ДҮЙСЕНБІ 23 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 «Másele». 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман иесі». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Арта». 16:05 «Әзілдік із». Арнайы жаба. 16:35 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alań». 21:30 «Орман иесі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq alań». 1:55 «Теледәрігер».

ХАБАР

5:00 Кино. «Брат или брак 2». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Все деньги мира». 12:00

СЕЙСЕНБІ 24 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман иесі». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Тәуелсіздік тарландары». Д/ф. 15:30 «Ауылдастар». 16:05 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alań». 21:30 «Орман иесі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq alań». 1:55 «Теледәрігер».

ХАБАР

5:00 Кино. «Он и она». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Овердрайв». 12:00 «Шашу». 13:00 «Қарлығаш ұя салғанда». 15:00 «Большая

СӘРСЕНБІ 25 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман иесі». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 Д/ф. 15:40 «Ауылдастар». 16:15 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alań». 21:30 «Орман иесі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq alań». 1:55 «Теледәрігер».

ХАБАР

5:00 Кино. «04:29». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Земля гангстеров». 12:00 «Шашу». 13:00 «Қарлығаш ұя салғанда». 15:00 «Бүгін».

БЕЙСЕНБІ 26 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман иесі». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Шаңырақ». 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alań». 21:30 «Орман иесі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq alań». 1:55 «Теледәрігер».

ХАБАР

5:00 Кино. «Бойжеткен. Все из-за нее». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Линкольн для

ЖҰМА 27 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман иесі». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Тұлға». Д/ф. 15:40 «Ауылдастар». 16:15 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alań». 21:30 «Орман иесі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «Көңіл толқыны». 0:00 «Parasat maidany». 0:35 Aqparat. 1:10 «Ashyq alań». 2:00 «Теледәрігер».

ХАБАР

5:00 Кино. «Загадai желание». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Большая игра». 12:00 «Шашу». 13:00 «Қарлығаш ұя салғанда». 15:00

СЕНБІ 28 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 «Киелі Qazaqstan». Д/ф. 6:45 Aqparat. 7:20 «Қазақтар». 7:55 «Дәуір даналары». Д/ф. 8:40 «Күй-керуен». 9:15 «Зинһар». 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 14:00 «Әзіл әлемі». 15:15 «Менің атым Қожа». К/ф. 16:50 «Покахонтас 2». М/ф. 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:20 «Másele». 21:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 22:40 «Жат мекен». 23:40 «Көңілшар». 0:10 Aqparat. 0:30 Футбол. Матч қарсаңында. 0:50 Футбол. УЕФА Чемпиондар лигасы. «Ливерпуль» (Англия) – «Реал Мадрид» (Испания).

ХАБАР

5:00 Кино. «Логово». 7:00 Телехика марафоны.

ЖЕКСЕНБІ 29 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 6:45 «Күміс көмей». 7:25 «Таруп». 8:00 «Ақсауыт». 8:25 «Менің атым Қожа». К. ф. 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 14:00 «Покахонтас 2». М/ф. 15:10 Футбол. Ойындарға шоу. «Ливерпуль» (Англия) – «Реал Мадрид» (Испания). 15:20 Концерт. 17:30 «Күй-керуен». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 «Арта». 20:50 Д/ф. 21:15 Сәкен Майғазиевтің концерті. 22:25 «Жат мекен». 23:25 «Сағындырған әндер-ай!». 0:30 «Арта». 1:20 «Күміс көмей». 2:10 «Ақсауыт». 2:30 «Жәдігер».

«Шашу». 13:00 «Қарлығаш ұя салғанда». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. «Он и она». 18:00 Мегахит. «Овердрайв». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Вторая республика». 20:50 «На особом контроле». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Құстар әні». 22:30 «Қарлығаш ұя салғанда». 0:00 «Народный контроль». 0:30 . «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Кэбэк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныз ханшайым». 13:30 «SagatTimes». 14:30 «Қағаз кеме» т/х. 15:00 «Преподы» т/с. 15:35 Кино. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Откіңші жаңбыр» т/х. 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныз ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ». 02:25

неделя». 16:00 Кино. «04:29». 18:00 Мегахит. «Земля гангстеров». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Екінші республика». 20:50 «Ерекше бақылауда». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Құстар әні». 22:30 «Қарлығаш ұя салғанда». 0:00 . «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Кэбэк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныз ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме» т/х. 15:00 «Преподы» т/с. 15:35 Кино. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Откіңші жаңбыр» т/х. 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныз ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ». 02:25 «Айтарым бар». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

16:00 Кино. «Бойжеткен. Все из-за нее». 18:00 Мегахит. «Линкольн для адвоката». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Біздің назарда». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Құстар әні». 22:30 «Қарлығаш ұя салғанда». 0:00 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Кэбэк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныз ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме» т/х. 15:00 «Преподы» т/с. 15:35 Кино. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Откіңші жаңбыр» т/х. 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныз ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ». 02:25 «Айтарым бар». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

адвоката». 12:00 «Шашу». 13:00 «Қарлығаш ұя салғанда». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Кино. «Загадai желание». 18:00 Мегахит. «Большая игра». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Тұмар». 22:30 . «Қарлығаш ұя салғанда». 0:00 . «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Кэбэк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныз ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме» т/х. 15:00 «Преподы» т/с. 15:35 Кино. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Откіңші жаңбыр» т/х. 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныз ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ». 02:25 «Айтарым бар». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

«Бүгін». 16:00 Кино. «Логово». 18:00 Мегахит. «Опасный бизнес». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Тұмар». 22:30 «Қарлығаш ұя салғанда». 0:00 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Кэбэк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныз ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме» т/х. 15:00 «Преподы» т/с. 15:35 Кино. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Откіңші жаңбыр» т/х. 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:45 «Қорғаныз ханшайым». 01:00 «Ене». 01:45 «Қызғалдақ». 02:25 «Айтарым бар». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

8:45 «Өзін-өзі тану». 9:00 «XXI ғасыр көпбасысы». 10:15 «Tangu fresh». 11:00 Кино. «Балуан Шолақ». 13:00 Телехика марафоны. «Шашу». 16:00 Кино. «Охота за призраком». 18:00 Мегахит. «Вне себя». 20:00 Хит жазамыз. 21:00 «7 күн». 22:00 «Отдел журналистских расследований. Близк е делю». 23:30 «Өлшеулі өмір». Саят Әбеновтың шығармашылық кеші.

АСТАНА

06:00 «Кэбэк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:10 Концерт Ернар Айдар «Жарай ма!»: 13:30 «Қағаз кеме» т/х. 16:00 Кино. 20:00 «Астана кеші көңілі». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:35 «Брак или брат 2» к/ф. 01:30 «Ду-думан» шоу. 02:30 «Қызғалдақ». 03:10 Концерт. 05:10 «Астана кеші көңілі».

ХАБАР

5:00 Кино. «Охота за призраком». 7:00 Т/х марафоны. 8:45 «Самопознание». 9:00 Профессиональный бокс. Василий Ломаченко – Накатани. Трансляция из США. 11:00 Кино. «Балуан Шолақ». 13:00 Т/х марафоны. «Шашу». 16:00 Кино. «Дорога домой». 18:00 Мегахит. «Вне/себя». 20:00 Хит жазамыз. 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:30 Т/х марафоны. «Құстар әні».

АСТАНА

06:00 «Кэбэк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:10 «Ду-думан» шоу. 13:30 «Шашу». 17:50 «Брак или брат 2» Кино. 20:00 «SagatTimes». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:35

«SagatTimes». 03:20 «Astana times». 04:20 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07:50 «Дау-дамайсыз». 08:15 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 10:00 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 12:00 «Юморина». 14:20 «Дорога, ведущая к счастью». 16:20 «Женские секреты». 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Возвращение». 01:20 «Верни мою любовь». 02.10 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03:40-04.10 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серг пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Идеальная семья». 10:00 «Женский доктор». 11:00 «Матрица времени». 13:00 Ток-шоу

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07.25 «Ozat отбасы», ток-шоу. 08.15 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 10.00 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 12.00 Новости. 12.40 «Возвращение». 16.20 «Женские секреты». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Возвращение». 01.20 «Верни мою любовь». 02.10 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серг пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Идеальная семья». 10:00 «Женский доктор». 11:00 «Позднее раскание». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлпәш». 15:20 «Гадалка». 16:20 «Идеальная семья». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aйbat».

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07.25 «Ozat отбасы», ток-шоу. 08.15 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 10.00 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 12.00 Новости. 12.40 «Возвращение». 16.20 «Женские секреты». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Возвращение». 01.20 «Верни мою любовь». 02.10 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серг пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Идеальная семья». 10:00 «Женский доктор». 11:00 «Позднее раскание». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлпәш». 15:20 «Гадалка». 16:20 «Идеальная семья». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aйbat». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Позднее раскание».

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07.25 «Ozat отбасы», ток-шоу. 08.15 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 10.00 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 12.00 Новости. 12.40 «Возвращение». 16.20 «Женские секреты». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Возвращение». 01.20 «Верни мою любовь». 02.10 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серг пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Идеальная семья». 10:00 «Женский доктор». 11:00 «Позднее раскание». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлпәш». 15:20 «Гадалка». 16:20 «Идеальная семья». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aйbat». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Позднее раскание».

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07.25 «Ozat отбасы», ток-шоу. 08.15 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 10.00 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 12.00 Новости. 12.40 «Возвращение». 16.20 «Подари мне счастье». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 Арнайы репортаж. 20.35 «Дау-дамайсыз». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Борей!». 01.40 «Верни мою любовь». 02.30 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:40 Оян, Qazaqstan Music. 07:10 «Серг пен сезім». 08:10 «Қадам». 09:00 «Идеальная семья». 10:00 «Женский доктор». 11:00 «Позднее раскание». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлпәш». 15:20 «Гадалка». 16:20 «Идеальная семья». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aйbat». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Позднее раскание».

КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07.20 «Судағы із», т/х. 08.00 «Көңілді отбасы». 08.55 «КТКweb». 09.20 Новости. 10.00 «Смеяться разрешается». 11.20 «Борей!». 15.30 «Нәресте назасы», к/ф. 17.00 «Алдараспан». 20.00 «Ақ мама», реали-ти-шоу. 21.00 «Большие новости». 22.00 «Моя дорога!». 01.30 «Верни мою любовь!». 03.00 «Нәресте назасы», к/ф. 04.20-04.30 «Мерекелік концерт».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Құтты қонақ». 08:30 «Саяхаттандырылмағандықтарыңыздар!». 09:30 «Орёл и решка». 10:30 «Хрустальная мечта». 15:00 Реалити-шоу «Моя игра». 15:30 «Каникулы off-

«Откіңші жаңбыр» т/х. 02:00 «Преподы» т/с. 04:10 «Қызғалдақ». 05:00 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07.30 «Оригинал». 09.20 «Юморина». 11.30 «Моя дорога!». 15.20 «Белгісіз канышер», к/ф. 17.20 Асан Пердешовтың жеке өн кеші. 20.00 «Ақ мама», реали-ти-шоу. 21.00 «Портрет недели». 22.00 «Тень звезды». 23.40 «Наследники». 02.10 «Белгісіз канышер», к/ф. 03.40-04.20 «Мерекелік концерт».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Құтты қонақ». 08:30 Оян, Qazaqstan Music. 09:00 «Каникулы off-line». 11:00 «Каникулы off-line-2». 13:15 «Области тьмы». 15:20 К/ф

«SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлпәш». 15:20 «Гадалка». 16:20 «Идеальная семья». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aйbat». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Позднее раскание». 21:30 «Аппак келін». 22:30 «Қадам». 23:20 «Ата-ана. Бала-шаға». 00:15 «Aйbat». 00:50 «Студия 7». 01:20 «Гадалка». 02:20 Оян, Qazaqstan Music. 02:40 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Aйна-online». 05:00 «Қуырдақ».

ДИДАР

08:00 Таңғы жаттығу. 08.05 Документальный фильм. 09.00 Мультфильм. 09.30 «Ән шашу». 10.00 Д/ф«Ұлы жазушылар». 11.15 «Ашынған ана» К/ф. 12.30 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 13.00 «За строкой Послания...». 13.15 «Ән шашу». 13.30 «Жаралы сезім» К/ф. 16.00 «Еске алу». 16.15 Мультфильм. 16.45 Т/х «Кешір, мен сені сүйемін». 18.00 «Донгелек»

19:00 «Студия 7». 19:30 «

«ЕСКЕНЕДЕН ЕСКЕН ӘН»

Осындай тақырыпта Жезқазған қаласының Балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Келбет» жобасы аясында Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Тайжан Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясының белді әншісі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, сан қырлы талант иесі, өнер зерттеушісі, ұстаз Ғалым МҰХАМЕДИННИҢ туғанына 70 жыл толуына орай әдеби-сазды кеш өтті.

Киелі өнер кез келген адамға қона берсе, қадірі де болмас еді. Бәйгеге шапқан жүйріктей топты жарып алға шыққан, шеберлігімен көзге түскен орындаушының ғана жұлдызы жарық болмақ. Міне, осындай киелі өнерді серік етуді жас кезінен арман етіп, биікке талпынған, арманын ақиқатқа айналдырған әнші ағамыз – Ғалым Мұхамеддин.

Ғалым Мұхамеддин 1975 жылы республикалық эстрада студиясын бітіріп, қазақ әнінің қара нары Жүсіпбек Елебековтен дәріс алды. Ұлы ұстаздың алдын көріп, тәлім алып, бүгінде жетпістің желкесіне қадам басқан Ғалым аға ән өнерінің бәйтерегіне айналды. «Шәкіртсіз ұстаз-тұл» демекші, Ғалым Мұхамедияұлы Жүсекеннен жүйе тартқан мерейлі мектептің дәстүрін үзбей, өзі де талай шәкірт тәрбиелеп, ұстаз атанды. Өзі үйренген өнерінің барлығын алдынан түлеп ұшқан жас әншілерге де жалықпай үйрете білді. Ғалым ағаның шәкірттері бүгінгі таңда халықаралық, республикалық конкурстардың жүлдегерлері, Қазақстанның түкпір-түкпірінде еселі еңбек етуде.

Ғалым аға Тайжан әндерінің орындаушысы ғана емес, сонына май шам алып түскен зерттеушісі, жоқшысы, оның әндерін



ел ішінен іздеп тауып, жарыққа шығарушы. Қазіргі таңда жеке репертуарында Тайжан ақынның 13 әні бар. Ғалым аға «Тайжан ақын - менің ән өнеріндегі ғұмырлық тақырыбым» дейді.

Әдеби-сазды кеш Ғалым Мұхамеддиннің өмірі мен шығармашылығына арналып дайындалған бейнебаянмен басталды. Кешке ақын, аудармашы, драматург, Қазақстан Жазушылар және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Ғазиз Ештанәев, Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің басшысы Дәмәткен Орынбасарова, Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Ерлан Нұрмағанбетов және Тайжан Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясының өкілдері қатысты. Іс-шарада Жезқазған музыкалық колледжінің студенті, Ғалым Мұхамеддиннің шәкірті Ерсултан Ахметов Ілия Жақановтың «Толағай» әнін әуелете шырқанды. Кешке жиналғандар Ғалым Мұхамеддиннің өнегелі өмірі жайында сыр шертіп, әуезді әндерімен сусындады.

Іс-шараға №11 жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушылары белсене қатысты. Соңында Ғалым Мұхамеддинге Балалар мен жасөспірімдер кітапханасы ұжымының атынан құттықтау хат табысталып, сый көрсетілді.

Алғашқы БІРКЕНОВА, Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы. (МТ)

БӨРЕКЕЛДІ!

«АQSHAM»-НЫҢ ЕРКЕНАЗЫ – «ЖАЛЫН»-НЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

«Қазақстан» телерадиокорпорациясы биыл алғаш рет «Жалын» телевизиялық конкурсын ұйымдастырған еді. Конкурс қазақ телевизиясының қаранарлары Камал Смайыловтың 90 жылдығына және Сағат Әшімбаевтың 75 жылдығына арналды. 16 мамыр күні конкурс өз мәресіне жетіп, үздіктерді үкілеу, салтанатты марапаттау болып өтті.

Біздің аса қатты қуанатындай жөніміз бар. Өйткені... «Үздік сюжет» номинациясы бойынша – Сәтбаев қалалық «Aqsham» телеарнасының тілшісі Еркеназ Ғалижанқызы Шоқан «Төл журналистиканың Қамалы» тақырыбындағы сюжеті үшін жеңімпаз атанды. Ол 500 мың теңге қаржылай сыйлықпен марапатталды. Сыйлықты «Қазақстан» телерадиокорпорациясының Басқарма төрайымы Ләззат Танысбай табыстады.

Еркеназ жақында ғана жұмыс орнын астанаға ауыстырды. Біз Еркеназға жаңа шығармашылық табыстар тілейміз!

Абдолла ДАСТАНОВ.

Сәтбаев қаласы



БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

«Жақсы кітапты оқымайтын адамның кітап оқи алмайтын адамнан еш артықшылығы жоқ» дейді Марк Твен. Расында да адамзаттың ең құнды байлығы саналатын кітаптан алар пайда ұшан-теңіз. Биылғы балалар жылында еліміздің болашағы саналатын жас өрендердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттырылып, құлшынысын еселеудің маңызы айрықша. Кітап мол тәрбие мен білімнің көзі кемел келешекке берілген жолдама іспетті.

Балалар жылы аясында қаламыздағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасының ұжымы «Алғашқы құрылысшылар» алаңында «Әлемді кітаппен таны» атты жарнама-акция ұйымдастырды. Балаларға кітап оқудың маңызын ұғындыруда басты мақсат еткен акцияда кітап көрмесін тамашалауға ниетті жас оқырмандар қарасының көптігі көңіл қуантты. Солардың бірі Жансая Есенова.

– Мен өзім кітап оқығанды жақсы көремін. Оның ішінде әдеби шығармаларды оқығанды жаным сүйеді. «Абай жолы» эпопеясын бастап оқып жатырмын. Қазір көп қатарластарым кітапқа үңілмек түгілі, оқулықтағы шығармалардың үзінділерін оқуға ерінеді. Бізде оқу дағдысы азайып келе жатқандай көрінеді маған. Бірақ біз қай кезде де тек кітап оқу арқылы алға озатыны-



мызды естен шығармауымыз қажет, – деген Жансаияның әдебиетке деген құштарлығына біз де іштей тәнті болып, осы бетінен таймауға кенес бердік.

Кітапханашы Лариса Сунастың айтуынша, кітап оқуда балаларға ата-ана мен ұстаздың үлесі мол. Бүгінгі ақпараттандыру заманындағы балаларды кітап оқуға баулып жүрген мұғалімдерге де алғысын айтқан ол аталмыш акция алдағы уақытта да жалғасын таба беретінін жеткізді.

Көрме барысында үлкен, шағын, суретті және дыбыс шығаратын кітаптар оқырманға ұсынылды. Оған қоса олардың мобильді қосымшалары да таныстырылды. Сондай-ақ, оқырмандарға жан азығы туралы қазақ және орыс тілдеріндегі жадынамалар таратылды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН. (МТ)

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Теректі ауылының тумасы Бауыржан Таңатарұлы ӘЙНЕКОВ!

Сізді 50 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Өмір жасыңыз ұзақ болсын. Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, көлдей көңіліңіз, өзендей өміріңіз болсын.

Ізгі тілекпен Теректі ауылының 1989 жылғы түлектері



ЖАС ТҮЛЕК – 2022

ТАҒЫ БІР ТОЛҚЫН ТҮЛЕП ҰШПАҚ

Енді бірер күннен соң барлық мектептерде кезекті оқу жылы аяқталып, тағы бір толқын алтын ұя мектептерінен түлеп ұшпақ. Әйтсе де алда әлі талай сынақтар бар. Бірінші сыныптан бергі алған білімдері сарапқа түсіп, алдағы өмірге жолдама алар сәт те жақын. Бұл сынақтардан қанаиша түлек өткелі тұр?

Біз аймағымыздағы білім бөлімдеріне қоңырау шалып, түлектердің санын білген едік.



ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ

Мысты қаланың мектептерін биыл 11 сынып бойынша 573 оқушы, 9 сыныптар бойынша 1178 оқушы тәмамдағалы тұр.

Бұлардың қатарында 20 түлек «Алтын белгі» төсбелгісіне, 42 түлек «Үздік аттестатқа» үміткер.

9 бітіретін оқушылар қатарында 64 оқушы «Үздік аттестатты» қорғауға әзірленуде.

СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ

Кеншілер қаласының білім беру ордаларынан биыл 1409 оқушы түлеп ұшқалы тұр. Олардың 405-і 11-сыныпты бітіретіндер болса, 1004-і 9 сыныпты бітіретін оқушылар.

Түлектердің 21-і «Алтын белгі» төсбелгісіне, 24-і «Үздік аттестатқа» үміткер.

Сондай-ақ, 9-сыныпты тәмамдағалы тұрған оқушылардың 55-і «Үздік аттестатты» қорғамақ.

ҰЛЫТАУ АУДАНЫ

Ұлт ұясы – Ұлытау ауданындағы 13 мектепті биыл 90 бала бітірмек. Олардың қатарында №1 Ұлытау тірек мектебінің бір оқушысы «Алтын белгі» төсбелгісін алады деп күтілуде. Ал, «Үздік аттестатқа» үміткерлер саны – 11 оқушы.

Биыл мектеп бітіретін 90 түлектің 85-і ҰБТ тапсыруға өтініш беріпті.

Орайы келгенде айта кетейік, биылғы оқу жылы әдеттегідей 25 мамырда аяқталады. Бұдан әрі оқушыларды қорытынды аттестациялау жүргізіледі. Оның мерзімдері де ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілді. Атап айтар болсақ, 9 (10)-сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2022 жылғы 28 мамыр – 6 маусым аралығы, 11 (12)-сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2022 жылғы 27 мамыр – 10

маусым аралығы болып белгіленді.

9 (10)-сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып: қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша ессе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе), математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы), орыс тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау), таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан тапсырады.

Ал, 11 (12)-сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып: алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан, қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан, Қазақстан тарихынан ауызша емтихан, орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі және әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан, таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан тапсырады.

Түлектерді мектеп бітірулерімен құттықтап, алдағы сынақтардың сүрінбей өтулеріне сәттілік тілейміз.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.